2) Была создана Независимая комиссия по борьбе с коррупцией, которая непосредственно подчинялась генерал-губернатору Гонконга и не имела отношения в области подчинения к другим правоохранительным органам. Данный орган занимался не только выявлением коррупции и следственными действиями в ее отношении, но и работал в направлении предупреждения и профилактики коррупции.

3) Был введен общественный контроль за работой Комиссии по борьбе с коррупцией. Работу данного органа на постоянной основе контролируют представители бизнес-сообщества и независимые общественные организации¹⁵.

Отметим, что на данный момент Гонконгская Организация по борьбе с коррупцией использует в своей работе следующие подходы: 1) разработка и внедрение способов предупреждения коррупции; 2) постоянное методическое совершенствование правоохранительной деятельности в области борьбы с коррупцией; 3) работа по правовому просвещению общественности, повышению правовой грамотности населения.

Общеизвестно, что одни из лидирующих позиций в рейтинге международной организации «Transparency International» по Индексу восприятия коррупции занимает Сингапур (в 2021 году 4-е место из 180 стран мира, в 2022 году 5-е место (83 балла).

В большинстве стран Юго-Восточного региона Азии (в том числе и Сингапур), выделяют следующие главные причины коррупции:

1) слабый социальный пакет государственных служащих, особенно в сфере зара-

ботной платы;

2) полное доминирование воли и единоличных решений Правительства в области национального развития;

3) низкий уровень вероятных рисков (уголовного наказания) за совершение коррупционных наказаний;

4) наличие низкого уровня правовой культуры среди населения;

5) недостаточный уровень развития антикоррупционной законодательной базы, ее «оторванность» от реалий [11, с.177].

Для искоренения причин коррупции была проделана огромная работа правительством Сингапура и достигнуты успехи в этой области.

Еще до обретения полной независимости правительством Сингапура в 1952 году был образован специальный государственный орган - Бюро по расследованию коррупционных практик (Corrupt Practices Investigation Bureau), который разработал специальную антикоррупционную концепцию. Разработанная концепция по борьбе с коррупцией основывается на базовых принципах, это: эффективность применения законодательной базы, полная независимость судебной системы и ее открытость, среди населения полная нулевая терпимость к коррупционным проявлениям, эффективность работы государственных органов власти, профессионализм в работе правоохранительных органов [12, с.68].

Антикоррупционная стратегия Сингапура была основана на следующих положениях:

1. Политический фактор. После победы на выборах «Народная партия действия» (PAP) во главе с премьер-министром - Ли Куан Ю (Lee Kuan Yew) разработала оптимальную стратегию по борьбе с коррупцией, которая содержала следующие принципы: неотвратимость ответственности за совершенные коррупционные правонарушения; разоблачение и выявление коррупционных преступлений среди государственных служащих; верховенство уголовного и гражданского законодательства; использование средств массовой информации для гласности при разоблачении коррупционных преступлений; декларирование доходов представителей государственной службы с доказательством происхождения полученного дохода. Стоит отметить, что антикоррупционные мероприятия были в

¹⁵ Гонконг - юрисдикция с низким уровнем коррупции. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://internationalwealth.info/life-abroad/hongkong-jurisdiction-low-level-of-corruption/> (дата обращения: 10.01.2023г.)

первую очередь направлены на соратников премьер-министра, занимающих высокие руководящие должности.

2. Законодательный фактор. Главным нормативным источником в области борьбы с коррупцией стал разработанный в 1960 году - Акт о предотвращении коррупции. В данном документе было четко прописано понятие коррупции и последствия за коррупционные правонарушения. Далее был создан специальный уполномоченный орган - Антикоррупционное бюро (СРІВ). В принятом Акте было увеличено уголовное наказание за коррупцию и расширены компетенции Антикоррупционного бюро через придание ему широких полномочий в борьбе с коррупцией [13, с.30].

Необходимо отметить, что Антикоррупционное бюро (СРІВ) наделено большими полномочиями и функциями: 1) получать и производить расследование по жалобам граждан о наличии фактов коррупции в частном секторе или государственных органах; 2) выявлять факты злоупотребления служебным положением государственными служащими, вести следственные действия; 3) проводить мониторинг коррупционных рисков по вопросам государственной службы; 4) проводить профилактическую работу в области предупреждения коррупции в системе государственной службы.

Большое практическое значение имеет выпущенное в 2018 году методическое пособие «Практический антикоррупционный гид для бизнеса», разработанное Антикоррупционным Бюро (СРІВ). В представленное издание включены разработанные рекомендации в области противодействия коррупции и даны необходимые ссылки на антикоррупционное законодательство. В содержание этого документа включены ключевые моменты антикоррупционной политики, раскрыты принципы и критерии анализа коррупционных рисков в работе организаций, основы применения мониторинга и аудита для исключения возможных коррупционных рисков, особенности работы комплаенс-службы и ее роль в предупреждении коррупции¹⁶.

3. Материальный фактор. Премьер-министр Ли Куан Ю провел реформы по повышению зарплаты государственным служащим и улучшению их социального пакета, это было сделано с целью обеспечения

открытости работы чиновников и повышения спроса за их работу.

4. Кадровый фактор. При принятии на работу государственных служащих использовался главный принцип - меритократия. Это обеспечивало выбор в пользу достойных кандидатов, обладающих всем объемом морально-деловых качеств, для выполнения возложенных на них обязанностей.

5. Нормативный фактор. В Акт о предотвращении коррупции 1960 года были включены положения: 1) действие презумпции виновности, т.е. любой государственный служащий независимо от занимаемого положения и ранга обязан был привести доказательства о происхождении полученного дохода (имущества); 2) любой гражданин, независимо от его социального статуса, происхождения может понести уголовную ответственность за коррупционное преступление; 3) введение уголовной ответственности не только за получение взятки, но и за ее дачу; 4) в законе была четко сформулирована объективная и субъективная сторона коррупционного преступления [13, с.31].

Таким образом, можно сделать вывод, что антикоррупционная стратегия и практическая деятельность Сингапура обладает многоаспектностью в своем содержании и соответствует реальным запросам общества в области борьбы с коррупционными проявлениями.

Большой интерес представляет введение института омбудсмена по противодействию коррупции, что будет довольно эффективно решать вопросы, связанные с профилактикой и борьбой с коррупцией, особенно в сфере предпринимательства. Здесь заслуживает внимание опыт нашего соседа – Российской Федерации. Законодательством РФ предусмотрено включение Уполномоченного по защите прав предпринимателей в работу Национального плана противодействия коррупции, это показывает расширение сферы полномочий данного специализированного омбудсмена в сторону борьбы с коррупцией [14, с.73].

Полномочия этого омбудсмена сводятся к трем основным направлениям: 1) аналитическая часть - выявление коррупционных факторов; коррупционных схем; причин сложившейся коррупционной ситуации; экспертиза антикоррупционных нормативно-правовых актов и т.д.; 2) корректирующая

¹⁶ A practical anti-corruption guide for businesses in Singapore. - [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://www.cpiib.gov.sg/files/pact_2018.pdf (дата обращения: 05.01.2023г.)

часть – содействие в устранении недоработок и просчетов в борьбе с коррупционными практиками и факторами; разработка мер по искоренению коррупционных схем; 3) образовательная часть - проведение семинаров по повышению правовой грамотности предпринимателей, разработка методического учебного материала. Можно сделать вывод, что включение вышеперечисленных функций в деятельность института омбудсмена по противодействию коррупции в практической части может проявить себя только с положительной стороны, т.к. процессы построения гражданского общества напрямую зависят от роли независимого контроля и прозрачности работы государственных уполномоченных органов.

Результаты

В целях усиления борьбы с коррупционными преступлениями необходимо принять ряд мер, к которым можно отнести:

1) дальнейшее усиление контроля со стороны государственных надзорных органов в функции которых входит надзор и контроль за исполнением законов и должностных обязанностей государственных органов и должностных лиц;

2) создание должности омбудсмена по противодействию коррупции на республиканском и областном уровнях, разработка нормативного законодательства касательно его правового статуса.

3) привлечение институтов гражданского общества к разработке и дополнению антикоррупционного законодательства;

4) использование результатов научных исследований по противодействию коррупции в законотворческой деятельности;

5) включение в учебные программы школьного образования элективные предметы «Основы правовой грамотности», «Осно-

вы антикоррупционной культуры».

В связи с вышеизложенным, считаем необходимым дополнить Раздел 5 «Основные принципы и подходы развития антикоррупционной политики» (Задача 6) «Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 - 2026 годы» следующими положениями:

1) введение института омбудсмена по противодействию коррупции, деятельность которого будет направлена на работу по антикоррупционному просвещению населения, выявлению фактов коррупции из обращений граждан и дальнейшее информирование по данным фактам в уполномоченные правоохранительные органы, антикоррупционный анализ нормативных актов, участие в разработке и доработке программ и концепций по противодействию коррупции;

2) для обеспечения эффективности работы комплаенс-службы необходимо разработать единую нормативную базу по утверждению правового статуса комплаенс-офицеров.

Заключение

Вопросы изучения коррупции и по сей день остаются актуальными и требуют дальнейших научных исследований и анализа зарубежной положительной практики. Дальнейшая модернизация антикоррупционного законодательства нуждается и в активном участии граждан, желанием повышать свой уровень правовой грамотности и правовой культуры, стимулировать развитие правосознания. Необходимо отметить, что текущее понимание понятия коррупции как социального явления не находит своего единообразия, что говорит о необходимости дальнейших научных изысканий и поисков в определении сущности данного феномена.

ЛИТЕРАТУРА

1. Игисинова Э.К., Давлетбаева Ж.Ж. Формирование антикоррупционной культуры путем продвижения идеологии добропорядочности // Вестник института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. - 2022. - №1 (68). - С.76-83.
2. Бикмурзина Н.С., Давыдов Д.Г., Капаев М.А., Гуревичева Ю.А., Кошелев С.А. К вопросу о феноменологии коррупции // Право и государство: теория и практика. - 2020. - №11 (191). - С.246-249.
3. Рахметоллов А.К., Кизадбекова А.С., Бекишева С.Д. К вопросу об индексе восприятия коррупции и антикоррупционной экспертизе нормативных актов в обеспечении защиты прав предпринимателей // Вестник института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. - 2020. - №3 (61). - С.89-96.
4. Соколов А.В. Негативно-социальные проявления коррупции // Образование и право. - 2020. - №4. - С.208-218.

5. Хандурдыев С.М. Понятие и признаки коррупции // *Образование и право*. - 2022. - №7. - С.55-58.
6. Агыбаев А.Н. О необходимости усиления борьбы с коррупцией // *Вестник КазНУ. Серия юридическая*. - 2015. - №3 (75). - С.273-283.
7. Умарова А.А. К вопросу о коррупции и коррупционной преступности // *Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки*. - 2021. - №12. - С.154-170.
8. Частнов К.С., Калеев Н.В. Коррупция и ее виды // *Балтийский гуманитарный журнал*. - 2019. - №4 (29). - С.399-401.
9. Потоцкий Н.К. О некоторых вопросах противодействия коррупции // *Образование и право*. - 2020. - №4. - С.369-374.
10. Гринько С.Д. Факторы, способствующие распространению коррупции // *Образование и право*. - 2019. - №2. - С.107-111.
11. Quah Jon S. T. *Curbing Asian Corruption: An Impossible Dream?* // *Current History*. 2006. Vol. 105. № 690. Pp. 176-179.
12. Шунаев А.М. Опыт борьбы с коррупцией в Южной Корее и Сингапуре // *Управленческое консультирование*. - 2018. - №3. - С.66-71.
13. Quah Jon S. T. *Combating Corruption in Singapore: What Can Be Learned?* // *Journal of contingences and crisis management*. 2001. Vol. 9. № 1. Pp. 29-35.
14. Феоктистов Д.Е. Институт омбудсмена и противодействие коррупции: основная или сопутствующая функция? // *Наука. Общество. Государство*. - 2022. - №3. - С.71-83.

REFERENCES

1. Iginisova Je.K., Davletbaeva Zh.Zh. *Formirovanie antikorrupcionnoj kul'tury putem prodvizhenija ideologii dobroporjadocnosti* // *Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan*. - 2022. - №1 (68). - S.76-83.
2. Bikmurzina N.S., Davydov D.G., Kapaev M.A., Gurevicheva Ju.A., Koshelev S.A. *K voprosu o fenomenologii korrupcii* // *Pravo i gosudarstvo: teorija i praktika*. - 2020. - №11 (191). - S.246-249.
3. Rahmetollov A.K., Kizadbekova A.S., Bekisheva S.D. *K voprosu ob indekse vosprijatija korrupcii i antikorrupcionnoj jekspertize normativnyh aktov v obespechenii zashhity prav predprinimatelej* // *Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan*. - 2020. - №3 (61). - S.89-96.
4. Sokolov A.V. *Negativno-social'nye projavlenija korrupcii* // *Obrazovanie i pravo*. - 2020. - №4. - S.208-218.
5. Handurdyev S.M. *Ponjatie i priznaki korrupcii* // *Obrazovanie i pravo*. - 2022. - №7. - S.55-58.
6. Agybaev A.N. *O neobhodimosti usilenija bor'by s korrupciej* // *Vestnik KazNU. Serija juridicheskaja*. - 2015. - №3 (75). - S.273-283.
7. Umarova A.A. *K voprosu o korrupcii i korrupcionnoj prestupnosti* // *Gumanitarnye, social'no-jekonomicheskie i obshhestvennye nauki*. - 2021. - №12. - S.154-170.
8. Chastnov K.S., Kaleev N.V. *Korrupcija i ee vidy* // *Baltijskij gumanitarnyj zhurnal*. - 2019. - №4 (29). - S.399-401.
9. Potockij N.K. *O nekotoryh voprosah protivodejstvija korrupcii* // *Obrazovanie i pravo*. - 2020. - №4. - S.369-374.
10. Grin'ko S.D. *Factory, sposobstvujushhie rasprostraneniju korrupcii* // *Obrazovanie i pravo*. - 2019. - №2. - S.107-111.
11. Quah Jon S. T. *Curbing Asian Corruption: An Impossible Dream?* // *Current History*. 2006. Vol. 105. № 690. Pp. 176-179.
12. Shunaev A.M. *Opyt bor'by s korrupciej v Juzhnoj Koree i Singapore* // *Upravlencheskoe konsul'tirovanie*. - 2018. - №3. - S.66-71.
13. Quah Jon S. T. *Combating Corruption in Singapore: What Can Be Learned?* // *Journal of contingences and crisis management*. 2001. Vol. 9. № 1. Pp. 29-35.
14. Feoktistov D.E. *Institut ombudsmena i protivodejstvie korrupcii: osnovnaja ili soputstvujushhaja funkcija?* // *Nauka. Obshhestvo. Gosudarstvo*. - 2022. - №3. - S.71-83.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бәкіров Дархан Әбдіманапұлы¹

«Туран» Университетінің «Құқықтану және халықаралық құқық» кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан Республикасы; e-mail: dbakirov@mail.ru

Мырзатаев Нұрмұхамед Дәулеткелдіұлы

ҚазҰУ Азаматтық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Алматы, Қазақстан Республикасы; e-mail: mихametnur@mail.ru

Стамқұлова Гүльнар Абдесовна

Заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан Республикасы; e-mail: g.stamkulovaga@mail.ru

Аннотация. Құқықтық жүйе үшін барлық элементтердің тиімді қызмет етуі өте маңызды. Құқықтық жүйе – бұл белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жүйенің ең күрделі нысаны және жұмыс істеу процесінде өзін-өзі құрылымды өзгертуге қабілетті жүйе болып табылады. Мақала қазақстандық қоғамдағы құқықтық менталитет және оның нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуі мәселелерін зерттеуге арналған. Мақалада құқықтық менталитеттің ұғымы, оның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен ара қатынасы, өзара әсері қарастырылды. Жалпы құқықтық менталитеттің нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуін зерттеудің қажеттілігі қазақстандық қоғамдағы құқықтық мәдениет, құқықтық сананы жаңа деңгейге көтеруге әсерін тигізетіндігімен негізделеді. Құқықтық мәдениет және құқықтық сананы қалыптастыру тұлға мен қоғамның менталдық ерекшеліктерін есепке алмай мүмкін емес. Кез келген қоғамның сипаты оның мүшелерінің құқықтық санасы мен мәдениетінің деңгейімен айқындалады. Құқық тасымалдаушының менталитеті және менталдық ерекшеліктері белгілі бір қоғамда қабылданған стереотиптер мен архетиптер негізінде қалыптасады. Құқықтық менталитетті зерделеу және оны түсінуді жаңа деңгейге көтеру, тұтастай қоғам және тұлғаның құқыққа деген оң қарым қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитет мәселелері қоғамдағы азаматтардың менталдық ерекшеліктерін, олардың ортақ қалыптасқан құндылықтар жүйесін ескере отырып, кешенді түрде қарастырылуы қажет. Бұл ұлттық құқықтық ғылымның маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижесі ұлттық құқықтық жүйесінің қазіргі жағдайын талдау, құқықтық менталитет, құқықтық мәдениет және құқықтық сананы бүгінгі тұрғыдан дамыту, терең түсіну бағыттары мен шараларын әзірлеу болып табылады.

Түйін сөздер: құқықтық мәдениет, құқықтық сана, құқықтық менталитет, құқықтық реттеу, құқықтық жүйе.

ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ НОРМАТИВНО- ПРАВОВОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ПРАВОВОГО МЕНТАЛИТЕТА

Бакиров Дархан Абдиманопович*

Докторант кафедры «Юриспруденции и международное право» Университета «Туран», Алматы, Республика Казахстан; e-mail: dbakirov@mail.ru

¹ Хат-хабарларға арналған автор

Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдиевич

PhD, старший преподаватель кафедры гражданского, гражданского процессуального и трудового права КазНУ, Алматы, Республика Казахстан; e-mail: muxametnur@mail.ru

Стамкулова Гульнар Абдезовна

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор Казахского университета инновационных и телекоммуникационных систем, Алматы, Республика Казахстан; e-mail: g.stamkulovaga@mail.ru

Аннотация. Эффективное функционирование всех элементов имеет важное значение для правовой системы. Правовая система представляет собой наиболее сложную форму системы, направленную на достижение определенной цели, и представляет собой систему, способную изменять собственную структуру в процессе деятельности. Статья посвящена изучению правовой ментальности и его нормативно-правового обеспечения в казахстанском обществе. В статье рассматривается понятие правового ментальности, его связь, взаимовлияние с действующим законодательством Республики Казахстан. Необходимость изучения нормативно-правового обеспечения правового ментальности обусловлена тем, что оно оказывает существенное влияние на повышения уровня правовой культуры и правосознания на новый уровень в казахстанском обществе. Формирование правовой культуры и правосознания невозможно без учета ментальных особенностей личности и общества. Особенности любого общества определяется уровнем правосознания и культуры его членов. Ментальность и ментальные характеристики правоносителя формируются на основе стереотипов и архетипов, принятых в данном конкретном обществе. Изучение правового ментальности и повышение его понимания на новый уровень позволит сформировать положительное отношение общества и личности к праву в целом. В этой связи, вопросы правосознания, правовой культуры и правового ментальности следует рассматривать комплексно, с учетом ментальных особенностей граждан в обществе, их общей системы ценностей. Это является одним из важных направлений национальной юридической науки. Результатом исследования является анализ современного состояния национальной правовой системы, развитие, разработка направлений и мероприятий по углубленному осмыслению правового ментальности, правовой культуры и правосознания с сегодняшней точки зрения.

Ключевые слова: правовой ментальность, правовая культура, правосознание, правовое регулирование, правовая система.

ISSUES OF IMPROVING NORMATIVE AND LEGAL SUPPORT OF THE KAZAKHSTANI LEGAL MENTALITY

Bakirov Darkhan Abdimanapovich*

Doctoral student of the department "Jurisprudence and International Law" of the University "Turan", Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: dbakirov@mail.ru

Myrzataev Nyrmuhammed Dauletkeldievich

PhD, senior lecturer of Department of Civil, Civil Procedural and Labor Law KazNU, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: muxametnur@mail.ru

Stamkulova Gulnar Abdezovna

Candidate of legal sciences, Associate Professor of the Kazakhstani University of Innovation and Telecommunication Systems, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: g.stamkulovaga@mail.ru

Abstract. Effective functioning of all elements is important for the legal system. The legal system is the most complex form of a system aimed at achieving a specific goal, and is a system capable of changing its own structure in the course of activity. The article is devoted to the study of the legal mentality and its regulatory and legal support in the Kazakhstani society. The article

explores the concept of legal mentality, its connection, interaction with the current Kazakhstani legislation. Generally, necessity of studying normative-legal support of legal mentality help raise the level of legal culture and legal awareness in the Kazakhstani society to a new level. The formation of legal culture and legal consciousness is impossible without taking into account the mental characteristics of the individual and society. Features of any society is determined by the level of legal consciousness and culture of its members. The mentality and mental characteristics of the legal bearer are formed on the basis of stereotypes and archetypes accepted in this particular society. Studying the legal mentality and raising its understanding to a new level will help form a positive attitude of society and the individual towards law in general. At the same time, the issues of legal awareness, legal culture and legal mentality should be considered comprehensively, taking into account the mental characteristics of citizens in society and their general value system. This is one of the important directions of national legal science. The result of the study is the analysis of the current state of the national legal system, the development of legal mentality, legal consciousness and legal culture from today's point of view, the development of directions and measures for deep understanding.

Keywords: legal mentality, legal consciousness, legal culture, legal regulation, legal system.

DOI: 10.52026/27885291_2023_75_4_33

Кіріспе

Қазіргі уақытта мемлекет және қоғам алдында туындайтын мәселелер оларды шешудің тың идеялары мен жолдарын табуды қажет етеді. Қазақстан мемлекеті алдында заң үстемдік ететін азаматтылық сезімі жоғары қоғам құру міндеті тұр. Бұл мәселемен мемлекет 1991 жылы тәуелсіздік алғалы бері айналысып келеді. Ол ең алдымен азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыруды талап етеді. Себебі, азаматтардың рухани құндылықтары, құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының құлдырауы мемлекет және қоғам үшін орасан зор кесірін тигізеді.

Жалпы, қоғамдағы құқықтық сананың жағдайына қарап, белгілі бір мемлекеттің қалыптасу немесе даму деңгейі туралы қорытынды жасауға болады. Құқықтық ережелерді жүзеге асырудың тиімділігі азаматтардың құқықтық санасының деңгейіне тікелей байланысты. Осыған орай, құқықтық сана мәселелеріне арналған замануи ғылыми зерттеулер мен сарапшылық талдаулардың көбеюі кездейсоқтық емес.

Қазақстанның жаңа тарихында, яғни, тәуелсіздіктің отыз жылдық кезеңінде еліміздің құқықтық жүйесінің ірге тасы қаланды, нормативтік құқықтық базасы жасақталды. Атап айтсақ, құқықтық мәдениет және құқықтық сананың құрылымдық базасы жасалынып, іргелі теориялық құқықтық зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, құқықтық сана, құқықтық мәдениетті сапалы дамыту үздіксіз, тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Ешбір жағдайда, мемлекет бұл мәселені өзіндік ағымға жіберіп қоймауы керек.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру үшін, ең алдымен, осы мәселені құқықтық реттеудегі тарихи тәжірибені талдау, әлеуметтік әдістерді, қоғамдық көңіл-күй, құқыққа деген ұлттық қарым қатынас негізінде жатқан және соның нәтижесінде құқықтық мінез-құлықты анықтайтын құқықтық менталитетті зерделеу маңызды.

Отандық құқықтық ғылымда және тәжірибеде құқықтық менталитет термині мен ұғымы жана дүние. Бұл феноменді зерделеу қазақстандық қоғамда қалыптасқан құқықтық шынайылықта құқықтық мәдениет және құқықтық сананың қалыптасуын, ерекшеліктері мен заңдылықтарын терең түсінуге, сол арқылы оларды жаңа деңгейге арттыруға, жалпы құқыққа деген қоғамдағы көзқарасты жаңа менталды деңгейге көтеруде тың ұстанымдар мен идеялар әзірлеуге мүмкіндіктер жасайды.

Еліміздің қоғамдық-құқықтық санасында орын алып жатқан өзгерістер қазақстандық құқықтық кеңістікте замануи құқықтық менталитеттің қалыптасу белгілерін білдіреді. Мұның барлығы, әрине, құқықтық мәдениет және құқықтық сананы қайта қарауды, оны құқықтық менталитет призмасы арқылы дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Менталитет мәселесін түсіну үшін қоғамдық ғылым салаларында замануи қазақстандық қоғамның ерекшеліктерін зерделеуге бет бұрған зерттеулер жасалынып жатыр. Уйреншікті құндылықтардың, ойлау және мінез-құлық стереотиптерінің өзгеруі, болып жатқан процестердің мәні мен мазмұның жылдам түсіну қажеттілігі азамат-

тардың құқықтық распен қарауға және шынайылыққа және бағалауға мәжбүр құқыққа жаңа көзқарасты етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы дайындау барысында Қазақстан Республикасы ұлттық нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының көздері талданды. Сонымен қатар, ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, құқықтық модельдеу әдісі, құқықтық нормаларды түсіндіру әдісі қолданылды.

Талқылау

Қазіргі уақытта, адамдардың көпшілік бөлігі құқықтың мәні мен анықтамасын білмей, оны түсінуге қызықпай құқықтық ортада, құқықтық тілде, құқықтық санада туып, тәрбиеленіп, өмір сүреді. Құқықтық мәдениетті, құқықтық сананы қалыптастыру мен түсінудің басты кілті – құқықтық менталитетті және құқыққа деген дәстүрлі қарым қатынастың ерекшелігін зерделеу болып табылады [1, 25-б.].

Менталитет – тұлғаның немесе тұтастай халықтың мінез-құлқында, өмірінде және жүріс тұрысында көрініс алатын және олардың мәдениетімен, тілімен, дінімен, тәрбиесімен, әлеуметтік қарым-қатынасымен шартталған сананың аз өзгеретін тұрақты құрылымы [2]. Құқықтық менталитет тұлғаның немесе қоғамның құқықтық шынайылыққа қарым қатынасын көрсетеді және құқықтық шындықты және тәжірибені қабылдаудың, бағалаудың, түсінудің тиісті әдісін білдіреді.

Құқықтық менталитет – белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық-этникалық қауымдасстықтың құқық және құқықтық шынайылыққа қарым-қатынасын көрсететін тарихи қалыптасқан дүниетанымдық идеялардың жүйесі. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитеттің өзара тиімді әрекеттесуі жағдайында ғана толыққанды құқықтық санасы жоғары тұлғаны қалыптастыру туралы айтуға болады.

Құқықтық менталитетті зерттеу және оны қалыптастырудың тұжырымды әдіс және тәсілдерін әзірлеу, біздің ойымызша, көпұлтты қазақстандық қоғамның дәстүрі, әдет-ғұрыптары, құндылықтары мен мәдениетін ескере отырып, ұлттық құқықтық жүйедегі оның орнын анықтау арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Тұлғаның құқықтық өмірін реттейтін әдет-ғұрып, салт-дәстүр, құндылықтар,

әртүрлі тарихи қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық мазмұндар құқықтық менталитеттің әрекет ету саласында қалыптасқан реттеушілер болып табылады. Бұл құбылыстардың барлығының өмір сүруінің ұтымды түсіндірмелері бар және олардың көпшілігі құқықтық нормаларда заңдастырылған. Бірақ менталитет саласының мазмұны негізінен адамның белгілі бір мәдени әлемге ену процесінде бейсаналық түрде игерілетін білімдер болып табылады [3, 109-б.].

Л.П. Карсавин менталитетті «адамның рухани өмірін, оның ішінде әрқашан ұғына бермейтін, бірақ мінез-құлық нысанында өзін көрсететін санадан тыс рефлексстерді қосады. Әрбір ұжымда және оған жататын әрбір жеке тұлғада қазіргі терминологияны қолданатын болсақ, сол жүйе құндылықтары мен «психикалық әдеттер» олардың әлеуметтік тәжірибесі мен күнделікті өмірін үлгі ететін және «жалпы бірлікті» құрайтын, олардың уақытының, дәуірінің ерекшеліктерін анықтайтын оның жалпы бейнесі бар құбылыс» деп сипаттайды [4, 37-б.].

Сонымен бірге, ресейлік ғалым Р.С. Байниязов орыс халқының жалпы адамзаттық құқықтық құндылықтарды қабылдауының жеткіліксіздігі туралы айтады, бұл олардың санасының иррационалдылығының салдары әсерінен болып табылады. Оның ойынша «Орыс менталитеті қоғамның құқықтық мәдениетінің құндылықтарын жеткілікті түрде қабылдамайды, ол құқықтық мәдениеттен, адам құқықтары, жеке тұлғаның құқықтық автономиясы сияқты жалпы адамзаттық құндылықтары мен қағидаларынан алшақтайды. Бұл әлеуметтік-құқықтық құндылықтардың ресейлік менталитет үшін дәстүрлі болмауы себебінен орын алады. Олар орыс санасына «жаттығымен» және ақылға сыйымсыз болуымен түсіндіріледі» [5, 39-б.]. Дегенмен, осы уақытқа дейін адамдардың құқықтық мінез-құлқына рухани мәдениеттің әсерін анықтаудың әмбебап шешімдері жоқ екендігін айт өткен әділетті болады.

Қоғамдық санадан ерекшелігі менталдық адамдардың дәстүрлі іргелі көзқарастарының жиынтығы ретінде әрекет етеді. Яғни, мәселе мазмұнда емес, жеке тұлғалардың ойлау образында, басқаша айтқанда, нені ойлайтынында емес, қалай жасайтынында, қоршаған ортаны қалай қабылдап, әрекет ететінінде. Менталитет қоғамдық сананың массасының азғантай бөлігін құрай отырып, бағалау тәсілдерінің жиынтығы, өзінің табиғи және әлеуметтік ортасын сезіну, қоғамдық сананың фундаменті ретінде маңызды [6, 221-б.].

Менталитет бұл көптеген әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерінен адамдардың күнделікті іс-әрекетінің барысында тарихи қалыптасқан әлеуметтік субъектілердің мінез-құлқының мен санасының тұрақты стереотиптерінің жиынтығы. Менталитеттің ерекшелігі күнделікті тіршілікте автоматизмге дейін жеткізілген әдеттерді қалыптастыру. Бұл әдеттер, ойлауды және түсіндіруді қажет етпейді. Менталдық символ және мәтіндерде көрініс табатын шоғырландырылған ойды ғана емес, сонымен бірге, дүниетанымның бейнеленбеген тәсілдерін қамтиды [6, 221-б.].

Қоғамның рухани дүниесінің құқықтық саласы құқықтық менталитетпен органикалық түрде толықтырылады. Құқықтық менталитет осы құқықтық саланың ішінде, оның негізгі, іргелі және жүйе құраушы бастамасы болып табылады.

Құқықтық менталитеттің қалыптасуына әр түрлі әлеуметтік нормалар, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалар, заңдардың мазмұны өз әсерін тигізеді. Сол себептен, құқықтық менталитеттің дұрыс нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуі, оны тиімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Құқықтық мәдениет және құқықтық сананың деңгейі белгілі бір дәрежеде қоғамдағы құқықтық менталитетке әсерін тигізеді және оған тәуелді болады. Осы орайда, құқықтық мәдениетті және құқықтық сананы қалыптастыру мен дамыту құқық тасымалдаушыларының менталитетін, тұтастай менталдық деңгейін сапалы түрде жаңғыртпай мүмкін емес.

Әлемдегі дамыған елдердегі құқықтық мәдениет, тұтастай құқықтық менталитет туралы айта кеткен жөн. Мысалы, отыз жыл шамасында үшінші елдер қатарынан бірінші елдер қатар елдеріне өткен Сингапурды атап өтуге болады. Бұл мемлекеттің дамыған елдер қатар қосылуында сөзсіз құқықтық жүйені де жанғыртуы да орасан зор рөл атқарды. Заңдар мен құқықтық жүйенің даму жолы көп жағдайда, қоғамдағы заңдардың ойнайтын рөліне тәуелді болады. Заңдарға деген көзқарас біршама бөлігінде 1959-1990 жылдар аралығында Сингапурдың премьер-министрі болған заңгер Ли Куанмен қалыптастырылды. Сингапурлық тұрғының басты ерекшелігі ол қоғам мүддесін жеке адам мүддесінен жоғары қоятын дәстүрлі азиялық құндылықтар жүйесінен туындайды. Ең бастысы, Сингапурлық құқықтық жүйе ұлттық әдет-ғұрыптары мен құндылықтарға сәйкес келмейтін батыстық

шектеулер мен ағылшын нормаларынан арылды [7]. Сингапурлық құқықтық жүйенің даму үрдісі мен өзіндік ерекшеліктері бұл елдегі құқықтық жүйенің, оның маңызды элементтері құқықтық сана және құқықтық мәдениет, жалпы құқықтық менталитеттің тиімді жетілгендігі туралы айтуға болады. Бастысы, азиялық және кеңестік құқықтық дәстүрлердің біздің қоғамдағы тұтастай ұрпақтардың санасы өзінің елеулі әсерін қалдыруына қарамастан, мемлекет тарапынан құқық үстемділігі мен заңның билігін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс азаматтардың құқықтық менталитетін оң бағытта жетілдіруге мүмкіндік беретініне тағы бір дәлел екендігін көре аламыз.

АҚШ-тағы құқықтық мәдениет пен азаматтық тәрбиенің тарихы американдық негізін қалаушылар: Джордж Вашингтон, Джон Адамс, Джеймс Мэдисон, Томас Джефферсон, Джордж Мунро, Бенджамин Франклин, Александр Гамильтон, Томас Пэйн есімдерімен тығыз байланысты. Олардың барлығы өз елінің гүлденуі тек бір ғана шартпен – азаматтары дұрыс тәрбиеленген жағдайда ғана болатынына сенді.

Американдық азаматтық білім беру өзінің табыстылығын азаматтық белсенділікпен, патриотизммен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда көрсетті, мұны 1835 жылы Алексис де Токвиль өзінің «Америкадағы демократия» еңбегінде атап өткен, американдықтардың демократияға деген адалдығын жоғары бағалады. Оған американдық азаматтардың саяси жүйеге енуі, әсіресе әртүрлі бірлестіктерге мүше болуы ерекше әсер қалдырды. Алексис де Токвильді американдықтардың Отанға деген сүйіспеншілігі де қызықтырды, ол оны парасатты патриотизм деп атады [8, 342-б.]. Осы тұрғыда американдық тәжірибені біздің елімізде азаматтық және құқықтық білім беру жүйесін қалыптастыруда тереңірек зерделеу қажет деп пайымдаймыз. Сөзсіз, азаматтық және патриоттық сана сезімді тәрбиелеу азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастыруда оң әсерін тигізеді.

Құқықтық менталитетті нормативтік қамтамасыз етілуін жетілдіру мәселесін қарастырған кезде кейбір батыстық тұжырымдамалары мен әдіснамасын атап өткен жөн. Құқықтық сананың дамуын өлшеудің теориялық базасы болып табылатын американдық ғалым Л. Колбергтің моральдық даму тұжырымдамасы қызықты. Ол үш деңгейден тұратын моральдық дамудың алты кезеңін бөліп қарастырды. 1-деңгейде нор-

малар, құқықтық ережелер адамдар үшін сыртқы, жат және жазалану үрейі негізінде оларды сақтайды, 2-деңгейде адамдар ережелерді сақтауды, қоғамда қабылданған стереотиптерге сәйкес келуді қалайды, сенім, құрмет және лоялдылық қатынастарына ұмтылады, 3-деңгейді ересектердің аз бөлігі және 20 жастан асқанда ғана жетеді. Тек осы деңгейде жоғарғы алтыншы кезеңде ғана заңдар мен ережелерді сақтау қажеттілігі ішкі этикалық қағидалармен – ар ожданмен анықталады. Осыған орай, жоғарғы этикалық қағидаларды сақтау моральдық дамудың ен жетілген кезеңі болып табылады. Заң әділділік және теңдік қағидаларына қайшы келген жағдайда ғана, адам заңдарға емес, қағидаларға сәйкес іс әрекет жасауға құқылы [9].

Аталған деңгейлер мен кезеңдерді құқықтық менталитетке қатысты келесідей нақтылауға болады. Бірінші деңгейде заңдар қылмыстылықтан сақтайды, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайтындар орналасады; екінші деңгейде заңдар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді, оны анархияны болдырмау үшін сақтау керек, заң әділетсіз болса да оны конституциялық жолмен күшін жойғанға дейін сақтау керек деп есептейтіндер орналасады. Үшінші деңгей ол заңшығарушылық деңгей. Ол деңгейге жеткендер әлеуметтік тәртіп құндылықтары мен жалпы адамзаттық этика, нақты заңдар мен әділеттілік қағидалары арасындағы айырмашылықты сезінеді [9]. Сонымен бірге, мағлұматтарды жинау және нәтижелерді өңдеу сипаты бойынша Колбергтің әдіснаманы тән моральдық міндеттерді шешудің талдауынан ерекшеленетін Тапп әдіснамасын айтуға болады, ол әлеуметтік-психологиялыққа жатады. Тапп қалыптасқан жағдайда әлеуметтік психологиялық бағыт неғұрлым перспективті екенін атап көрсетті [10].

2020 жылы құқықтық мәдениетті өлшеу жөнінде Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің әр түрлі мамандықтар мен курстағы 486 студентінен сауалнама әдісі арқылы сұхбат алынды. Сауалнама нәтижесінде, сұралғандардың 43,3% құқықтық мәдениетті өмірлік қажет, респонденттердің 35,1% тәжірибе үшін өте қажет деп жауап берген. Алайда, студенттердің 20,7% қазіргі өмірде құқықтық мәдениет аз көмектеседі деп есептейді [11]. Бұдан көріп отырғанымыздай, әрбір бесінші студент құқықтық нигилизмнің бар екендігін көрсетті. Сонымен бірге, респонденттерге құқықтың қоғам өміріндегі басты функ-

циялары туралы ойларын білуге қатысты сұрақ қойылды. Олардың үштен бірі құқық адамдардың жүріс тұрысын реттейді (29,8%), 21,5% экономикалық қатынастарды реттейді, 19,2% құқық жалпыадами құндылықтарды құрайды, 14,8% «көкжиекті кеңейтеді» және 14,7% қоғамның саяси құрылымын бекітеді деп жауап берген. Құқық студенттерге қоғамның барлық саласында жеке тұлғалардың жүріс тұрысын реттейтін басты механизм, және де жалпыадами құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көздерінің бірі болып табылады [11]. Бұдан, студенттерде құқықтың реттеушілік және қорғаушылық функцияларының маңыздылығын жалпы түсінушілігі мен сезінушілігі бар екендігі туралы қорытынды жасауға болады.

Елімізде жүргізілген сауалнамаға сәйкес, респонденттердің 23,6% пайызы әйелдерді күштеп алып қашу құбылысын оң немесе бейтарап бағалайды. Ал қазақстандықтардың 54% пайызы ғана егерде қызды оның келісімінсіз алып қашса, ол кетуі керек және құқық қорғау органдарына жүгінуі тиіс деп есептейді. Респонденттердің 11,7% пайызы ол қалуы керек және алып қашқан адамға тұрмысқа шығуы керек деп есептейді. 18,4% қазақстандықтар ол кетуі керек және құқық қорғау органдарына хабарламауы тиіс деп есептейді [12].

Біздің ойымызша, құқықтық менталитеттің нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуі адамдарда құқыққа, адам құқықтары және бостандықтарына, құқықтық міндеттерге деген жауапты әрі саналы қарым қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Құқықтық менталитет статикалық ұғым емес, керісінше, сананың аз өзгеретін құрылымы болуына қарамастан арнайы әзірленген жағдайлар негізінде оның дамуы мен өзгеруі мүмкін екендігін байқауға болады. Бұл жағдайлар оқу бағдарламаларын, әлеуметтік-мәдени іс шараларды, құқықтық білім, құқықтық көмектің әр түрлі нысандарын және т.б. қамтуы мүмкін.

Құқықтық менталитетті нормативтік құқықтық қамтамасыз етудің негізгі мақсаты азаматтардың құқық және құқықтық мәдениетке деген саналы қарым қатынасын қалыптастыру болып табылады. Бұл азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеріп қоймай, тұтастай мемлекеттік билікті және құқықтық тәртіпті нығайтуға жағдай жасайды.

Құқықтық менталитеттің нормативтік қамтамасыз етілуінің көрінісі ретінде азаматтардың құқықтық жүріс тұрысын реттейтін әртүрлі заңдар мен нормативтік

құқықтық актілерді, бағдарламалық құжаттарды, құқықтық білім беру бойынша оқу бағдарламаларын және азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған әлеуметтік-мәдени іс шаралар жүйесін айтуға болады. Бүгін де елімізде азаматтардың құқықтық менталитетінің өсуінің оңды өзгерістерін байқауға болады. Мысалы, азаматтардың көп бөлігі өз құқықтарын қорғау мақсатында соттарға жүгінуде, мемлекеттік органдар және қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте және құқықтық мемлекетті нығайтуда белсенді жұмыстар атқаруда.

Құқықтық менталитет азаматтық қоғам мен мемлекеттің сапалы дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Ол азаматтардың еліміздің заңдарының мәнін түсіну мен құрметтеуді, өз құқықтары мен бостандықтарын қорғай білуді, өзгелердің құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді білдіреді. Осы себептен де, құқықтық менталитет қоғам өмірі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы үшін тиісті нормативтік реттеуді қажет етеді.

Қазіргі уақытта азаматтардың қоғамдық істерді басқаруға араласу үдерісі жиелі түсуде. Олардың ішінде азаматтардың әзірленіп жатқан заң және өзге нормативтік актілер жобаларына қоғамдық пікір білдіруі ерекше назар аудартады. Азаматтардың нормашығармашылық процестерінде қатысуы қоғамдық ғылымдарда делибералды (кенесші) демократияның құралы ретінде қарастырылады, оның теориялық негіздерін Юрген Хабермас (Jurgen Habermas) [13], Роберт Даль (Robert Dahl) [14], Дэвид Труман (David Truman) [15] және тағы басқа бірқатар авторлар тұжырымдады. Осы орайда, азаматтардың құқықтық менталитетін нығайтуда олардың құқықшығармашылық процеске, оның ішінде, электрондық нормашығармашылыққа қолжетімділігі мен белсенділігін арттыру маңызды болып табылады.

Құқықтық менталитеттің қалыптасуына жалпы құқықтық жүйенің, оның ішінде қоғамдағы аса маңызды рөл атқаратын кейбір нормативтік құқықтық актілердің әсерін және олардың маңыздылығын атап өткен жөн. Әрине, әр нормативтік құқықтық актінің өз мақсаты мен міндеттері бар, дегенмен, олардың көбісі әмбебаптық сипатқа ие, сәйкесінше, белгілі бір деңгейде қоғам және азаматтардың құқықтық менталитетіне әсер

етуде өзіндік функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстандағы құқықтық менталитетті қалыптастыру мен дамытудың маңызды факторы 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция болды². Конституция адам құқықтары мен бостандықтарына, діни еркіндікті, сөз бостандығын, бейбіт жиналыстар жасауға және өзге де азаматтық құқықтарға еркіндік береді. Ол Қазақстанның құқықтық мемлекет ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайды, бұл дегеніміз, барлық мемлекеттік және қоғамдық қатынастар заң негізінде жасалынатынын білдіреді.

Конституцияның қабылдануына қарамастан, Қазақстан мемлекетіне азаматтардың құқықтық менталитеті мен құқықтық мәдениетін нығайту үшін бір талай шаруалар атқарылуы қажет. Атап айтқанда, заңнаманы және сот жүйесін үнемі жетілдіру, тұрғындардың барлық қабатына құқықтық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру және т.б. жүйелі түрде жүргізілуі керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Конституцияның 12-бабының 2-тармағына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Яғни нормативтік құқықтық актілердің мазмұны адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Бұл норма құқықшығармашылық процесінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұлжытпай қамтамасыз етілуі мен жүзеге асырылуына да тікелей әсерін тигізеді. Ал бұл өз кезегінде, азаматтардың құқықтық менталитетіне оң әсерін тигізіп, құқыққа деген көзқарасы мен қарым қатынасын жақсартады.

Құқықтық менталитетті нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы да маңызды функция атқарады³. Аталған тұжырымдама құқықтық насихат пен құқықтық

² Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституциясы. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 17 қыркүйектегі № 142-VII ҚРЗ Заңымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жағдайы бойынша // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_\(Жүзіну күні: 18.03.2023\)](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_(Жүзіну күні: 18.03.2023))

³ Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан

білім беруге байланысты жоспарлы жұмысты жалғастыру қажеттілігі аталып өткен. Осы орайда, мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде осы бағытта жүйелі жұмыс жасауы, сондай-ақ құқықтық насихаттың әртүрлі нысандарын атап айтқанда тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында тарату, құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беру мәселелері бойынша қажетті іс-шаралар өткізу арқылы қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері туралы хабардар ету қажет.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жастардың құқықтық мәдениеті мен менталитетін қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды⁴. Осы Заңның 3-бабында мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау деп көрсетілген. Біздің ойымызша, жастар саясатының мақсаты ретінде жастарды құқықтық тәрбиелеу мен оларға құқықтық білім беруде көрсетілуі керек. Бұл шара құқықтық тәрбиелеудің үздіксіздігін, жастарда құқықтық менталитетті қалыптастырудың маңыздылығын көрсетер еді. Сонымен қатар, аталған заңға сәйкес мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу болып табылады. Дегенмен, заңда жастарды құқықтық тәрбиелеудің нақты кешенді тетіктері, нысандары және ынталандыру шараларын көрсету мақсатында тиісті толықтырулар енгізуді қажет етеді.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, нормативтік құқықтық актілер жобалары «ашық НҚА» порталында орналастырылады⁵. Оған сәйкес кез келген азаматтар мен ұйымдар нормативтік құқықтық актілер жобалары бойынша өз ұсыныстары мен ескертулерін ұсына алады. Осы Заңда біршама деңгейде азаматтардың нормашығармашылық процеске қатысуына құқықтық жағдайлар жасалынған. Дегенмен, нормашығармашылық қызмет онымен кәсіби түрде айналысатын

мамандардың қызмет алаңы, онда көпшілік резонанс тудыратын нормативтік актілерді қабылдау кезінде ғана белсенділік танытатыны жасырын емес. Мәселе нормативтік актілерді әзірлеу, қабылдау процесіне азаматтардың кең бөлігін қызықтыру және тарту, сол арқылы жоғарыда көрсетілген тенденцияны өзгерту болып табылады. Құқықшығармашылық қызметке азаматтарды кеңінен тарту олардың құқықтық менталитетіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Нәтижелері

Құқықтық менталитеттің нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуінің маңыздылығы мен қажеттілігі тек заңнамада бекітілген құқықтық ережелер мен нормалар адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және құқықтық мемлекеттің тиісті деңгейде қызмет етуін қамтамасыз етуге септігін тигізетіндігімен тікелей байланысты. Сонымен бірге, бұл азаматтардың мемлекетке, сот және құқықтық жүйеге деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Құқықтық менталитеттің нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуін келесі шаралармен сабақтастықта жүргізілуі ұсынылады:

1. Заңнаманы әрдайым жетілдіру. Заңдар нақты және түсінікті болуы керек, және халықаралық стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Сонымен бірге, заңнама барлық азаматтарға, оның ішінде, тұрғындардың аз қамтылған бөлігіне қолжетімді болуы керек.

2. Құқықтық сауаттылықты қамтамасыз ету. Азаматтарға заңдар мен өз құқықтарын түсінуге және құрметтеуге, өздерінің мүдделерін сотта қорғауды үйретуге көмектесетін арнайы құқықтық оқыту бағдарламалары әзірленіп, тәжірибеге енгізілуі керек.

3. Сот жүйесінің дамуы. Сот жүйесі тәуелсіз болуы керек және істерді қарауда әділеттілікті қамтамасыз етуі керек. Ол азаматтардың барлығына әлеуметтік мәртебесі немесе материалдық жағдайына қарамастан қолжетімді болуы қажет.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Құқықтық мемлекет және қоғамның құқықтық менталитетіне қауіптің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Өмірдің барлық саласында, оның ішінде, сот жүйесінде, мемлекеттік органдар және

Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (Жүгіну күні: 18.03.2023)

⁴ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (Жүгіну күні: 18.03.2023)

⁵ «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ЗПК Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (Жүгіну күні: 18.03.2023)

бизнесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту қажет.

5. Жастардың құқықтық менталитетін дамыту. Бұл қоғамдағы құқықтық мәдениет және құқықтық сананы көтерудің маңызды әрі тиімді жолы. Жастарда заңдар мен ережелерді түсіну және сақтау, басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, өз іс әрекетіне жауапкершілікті сезіну менталитетін қалыптастыру құқықтың реттеушілік рөлін көтеруде маңызды рөл атқарады.

6. Құқықтық білімнің арнайы курстары мен сабақтары. Мектеп және жоғары оқу орындарында оқу процесі кезінде құқықтық мәселелерге арналған арнайы сабақтар мен курстарды ендіруге болады. Сонымен бірге, бала бақша, мектеп және басқа да оқу мекемелерінде құқықтық менталитетті қалыптастыруға бағытталған қосымша оқу сабақтары ұйымдастыра алады.

7. Ақпараттық компаниялар мен іс шаралар. Жастар ұйымы, үкіметтік емес құрылымдар, қоғамдық ұйымдар құқық мәселелеріне арналған әр түрлі ақпараттық іс шараларды ұйымдастыруы тиіс. Осылайша, жастарда құқықтық менталитетті дамыту қоғамдағы құқық мәдениетін қалыптастыру мен азаматтық тәрбиелеудің маңызды элементі болып табылады.

Біздің ойымызша, құқықтық менталитеттің нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуі жеке тұлғаның және тұтастай қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын дамытуға, құқық қағидаларына сәйкес келетін жүріс тұрысты қамтамасыз етуге негіз болады. Бұл мемлекет алдында тұрған күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі, құқықтық мәдениет және құқықтық сананы жүйелі тиімді қалыптастыруға, олардың деңгейін көтеруге және дамытуға елеулі әсерін тигізеді.

Қорытынды

14. Дуйсенов Э.Э. К вопросу о соотношении законов и подзаконных правовых актов в Республике Казахстан (конституционно-правовой аспект) // Вестник Министерства юстиции Республики Казахстан. – 2020. – № 2. – С. 34-41.

15. Тлембаева Ж.У. Некоторые вопросы соотношения закона и подзаконного нормативного правового акта. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30965880&pos=17;-52#pos=17;-52 (дата обращения: 25.08.2023).

16. Иванов С.А. Основные аспекты соотношения закона и подзаконного нормативного правового акта // Государство и право. — 2004. — № 8. — С. 23-29.

17. Сафинов К.Б. Подзаконный акт не может выходить за рамки закона на основе которого он был принят — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://dknews.kz/ru/politika/81954-safinov-podzakonnyu-akt-ne-mozhet-vyhodit-za-ramki> (дата обращения: 15.09.2023).

18. Нарышкин С.Е. Хабриева Т.Я. Административная реформа в России: некоторые итоги и задачи юридической науки — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.hse.ru/data/2013/01/12/1303119686/AdmReforma.doc> (дата обращения: 22.08.2023).

19. Хабриева Т.Я., Ноздрачев А.Ф., Тихомиров Ю.А. Административная реформа: решения и проблемы — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-resheniya-i-problemy> (дата обращения: 22.08.2023).

20. Пресняков М.В. Акты органов государственной власти и их подзаконный характер // Журнал «Гражданин и право». – 2017. – N 8.-С.3-18 — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://perlaw.ru/podzakonnye-akty-federalnyh-organov-vlasti/file:///C:/Users/USER/Downloads/Grazhdanin_i_pravo_2017_08.Fragment.pdf (дата обращения: 23.08.2023).

21. Теория государства и права: Учебник / Под ред. В.К. Бабаева. – М.: Юристъ, 1999. – 582 с.

22. Залоило М.В. Пределы и техника конкретизации юридических норм в правотворчестве // Журнал российского права. – 2014. – N 11 – С. 34-41 — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <file:///C:/Users/USER/Downloads/predely-i-tehnika-konkretizatsii-yuridicheskikh-norm-v-pravotvorchestve.pdf> (дата обращения: 29.08.2023).

23. Злобин А.В. Подзаконные нормативные правовые акты как форма современного российского законодательства (вопросы теории): Автореф. дисс. канд. юрид. наук. – Саратов, 2013. – 33с. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://test.ssla.ru/dissertation/referats/26-04-2013-4.pdf> (дата обращения: 30.08.2023).

24. Мадьярова А.В. Разъяснения Верховного Суда Российской Федерации в механизме

уголовно-правового регулирования. С.-Пб.: Юрид. центр Пресс, 2002. – 405с. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://djvu.online/file/ydFL0aQpljpsu> (дата обращения: 13.09.2023).

25. Власенко Н.А. Кризис права: проблемы и подходы к решению // Журнал российского права. – 2013. – №8 – С. 43-54 — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/krizis-prava-problemy-i-podhody-k-resheniyu> (дата обращения: 18.09.2023).

REFERENCES

1. Ajthozhin K.K. *Voprosy razvitija pravovoj sistemy Respubliki Kazahstan v kontekste realizacii koncepcii pravovoj politiki.* — [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38767165 (data obrashhenija: 22.08.2023).

2. Puzikov R. V. *Juridicheskaja doktrina kak osoboe pravovoe javlenie i reguljator obshhestvennyh otnoshenij / Pravovoe regulirovanie: spravedlivost' v predelah zakona: mezhdunarodnaja kollektivnaja monografija. Otv. red. i sostav. Popov V.S. – Kostanaj: KF ChelGU, 2020. – 218 s. [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <https://csukz.ru/nir/nui/2020/Kollektivnaja%20monografija%20pod%20red.%20Popova%20V.S..pdf> (data obrashhenija: 10.10.2023).*

3. Puzikov R.V. *Doktrina prava: ponjatie, jetapy stanovlenija i perspektivy razvitija. S.70-107. [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <https://core.ac.uk/reader/185615926> (data obrashhenija: 15.10.2023).*

4. Lazarev V.V. *Obshhaja teorija prava i gosudarstva: Uchebnik / 3-e izd., pererab. i dop. — M.: Jurist#, 2001. — 520 s.*

5. Nersesjanc V.S. *Obshhaja teorija prava i gosudarstva. Uchebnik dlja juridicheskikh vuzov i fakul'tetov. — M.: NORMA-INFRA, 1999. — 552 s.*

6. *Konstitucija Respubliki Kazahstan. Nauchno-pravovoj kommentarij / Pod red. Sapargaliev G.S.- Izd.2, ispr. i dop. - Almaty: Zheti zharay, 2004. - 584s.*

7. Zhanuzakova L.T., Nurgazinov B.K., Karaev A.A. *Nekotorye voprosy razgranichenija zakonodatel'nogo i podzakonnogo regulirovanija // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan. — 2021.-№ 1 (64)- S.22-34. — [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/21> (data obrashhenija: 11.09.2023).*

8. Abdrasulov E.B. *Konstitucionnye osnovy zakonodatel'nogo i podzakonnogo regulirovanija v Respublike Kazahstan: prakticheskie voprosy i doktrinal'noe tolkovanie // Vestnik SPbGU. – Ser. Pravo. - 2022. - T. 13. Vyp. 4.- S.2022-2040 — [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <file:///C:/Users/USER/Downloads/konstitucionnye-osnovy-zakonodatelnogo-i-podzakonnogo-regulirovaniya-v-respublike-kazahstan-prakticheskie-voprosyi-doktrinalnoe-tolkovanie.pdf> (data obrashhenija: 21.08.2023).*

9. Kabyldaeva M.A. *Konstitucionnye osnovy razgranichenija predmetov regulirovanija normativnyh pravovyh aktov // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan. — 2009. — № 4 (16) - S.52-54 — [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitucionnye-osnovy-razgranicheniya-predmetov-regulirovaniya-normativnyh-pravovyh-aktov> (data obrashhenija: 29.08.2023).*

10. Izmajlova R.H. *K voprosu sootnoshenija zakonov i podzakonnyh pravovyh aktov v Kyrgyzskoj Respublike (konstitucionno-pravovoj aspekt) // International Journal of Humanities and Natural Sciences, vol. 3-3 (66), 2022. - S. 47-56 [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <http://intjournal.ru/wp-content/uploads/2022/04/Izmajlova.pdf> (data obrashhenija: 13.08.2023).*

11. Tautaev E. *Otvetstvennost' v sfere regional'nogo normotvorchestva. — [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30067707&pos=0;0 (data obrashhenija: 10.09.2023).*

12. Sadvokasov A. *Normotvorchestvo v Respublike Kazahstan: tekushhaja situacija i potencial'nye vozmozhnosti // Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba. Mezhdunarodnyj nauchno-analiticheskij zhurnal. - №4 (79) 2021.- S.51-59 — [Jelektronnyj resurs] — Rezhim dostupa: <file:///C:/Users/USER/Downloads/497-tekst%20stat'i-2895-1-10-20220211.pdf> (data obrashhenija: 20.09.2023).*

13. Safinov K.B. *Chto dolzhno regulirovat'sja zakonami, a chto – podzakonnymi aktami? — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_*

id=38672671&pos=32;-4#pos=32;-4 (data obrashhenija: 22.08.2023).

14. *Dujsenov Je.Je. K voprosu o sootnoshenii zakonov i podzakonnyh pravovyh aktov v Respublike Kazahstan (konstitucionno-pravovoj aspekt) // Vestnik Ministerstva justicii Respubliki Kazahstan. – 2020. – № 2. – S. 34-41.*

15. *Tlembaeva Zh.U. Nekotorye voprosy sootnoshenija zakona i podzakonnogo normativnogo pravovogo akta. — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30965880&pos=17;-52#pos=17;-52 (data obrashhenija: 25.08.2023).*

16. *Ivanov S.A. Osnovnye aspekty sootnoshenija zakona i podzakonnogo normativnogo pravovogo akta // Gosudarstvo i pravo. — 2004. — № 8. — S. 23-29.*

17. *Safinov K.B. Podzakonnyj akt ne mozhet vyhodit' za ramki zakona na osnove kotorogo on byl prinjat — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://dknews.kz/ru/politika/81954-safinov-podzakonnyy-akt-ne-mozhet-vygodit-za-ramki> (data obrashhenija: 15.09.2023).*

18. *Naryshkin S.E. Habrieva T.Ja. Administrativnaja reforma v Rossii: nekotorye itogi i zadachi juridicheskoi nauki — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://www.hse.ru/data/2013/01/12/1303119686/AdmReforma.doc> (data obrashhenija: 22.08.2023).*

19. *Habrieva T.Ja., Nozdrachev A.F., Tihomirov Ju.A. Administrativnaja reforma: reshenija i problemy — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-resheniya-i-problemy> (data obrashhenija: 22.08.2023).*

20. *Presnjakov M.V. Akty organov gosudarstvennoj vlasti i ih podzakonnyj harakter // Zhurnal «Grazhdanin i pravo». – 2017. – N 8.-S.3-18 — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: https://perlaw.ru/podzakonnye-akty-federalnyh-organov-vlasti/file:///C:/Users/USER/Downloads/Grazhdanin_i_pravo_2017_08.Fragment.pdf (data obrashhenija: 23.08.2023).*

21. *Teorija gosudarstva i prava: Uchebnik / Pod red. V.K. Babaeva. – M.: Jurist#, 1999. – 582 s.*

22. *Zaloilo M.V. Predely i tehnika konkretizacii juridicheskikh norm v pravotvorchestve // Zhurnal rossijskogo prava. – 2014. – N 11 – S. 34-41 — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <file:///C:/Users/USER/Downloads/predely-i-tehnika-konkretizatsii-yuridicheskikh-norm-v-pravotvorchestve.pdf> (data obrashhenija: 29.08.2023).*

23. *Zlobin A.V. Podzakonnye normativnye pravovye akty kak forma sovremennogo rossijskogo zakonodatel'stva (voprosy teorii): Avtoref. diss. kand. jurid. nauk. – Saratov, 2013. – 33s. — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <http://test.ssla.ru/dissertation/referats/26-04-2013-4.pdf> (data obrashhenija: 30.08.2023).*

24. *Mad'jarova A.V. Razjasnenija Verhovnogo Suda Rossijskoj Federacii v mehanizme ugovorno-pravovogo regulirovanija. S.-Pb.: Jurid. centr Press, 2002. – 405s. — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://djvu.online/file/ydFL0aQpljpsu> (data obrashhenija: 13.09.2023).*

25. *Vlasenko N.A. Krizis prava: problemy i podhody k resheniju // Zhurnal rossijskogo prava. – 2013. – №8–S. 43-54 — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/krizis-prava-problemy-i-podhody-k-resheniju> (data obrashhenija: 18.09.2023).*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕДИАЦИЯ ЖАНЖАЛДАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ

Марианна Ивановна Дячук¹

Заң ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті «Құқықтану» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, Қазақстан Республикасы
Өскемен қаласы, e-mail: marianna_turani@mail.ru

Айнұр Серікханқызы Рамазанова

Заң ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті «Құқықтану» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, Қазақстан Республикасы
Өскемен қаласы, e-mail: aynura_9999@mail.ru

Аннотация. Қазіргі Қазақстанда азаматтық және қылмыстық істер бойынша сот талқылауы конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың негізгі тәсілі болып табылады. Қақтығысушы тараптар өзара тиімді негізде туындайтын қарама-қайшылықтарды өздері пайдаланатын рәсім мен оның нәтижесін бақылауды жүзеге асыру кезінде дербес реттеуге көбірек қызығушылық танытуда.

Бүгінгі таңда татуластыру рәсімдерінің проблемаларына көп көңіл бөлінуде. Бірнеше жыл бойы құқықтық дауларды соттан тыс шешудің маңыздылығы Қазақстанның жоғары мемлекеттік билік органдарының басшыларының сөйлеген сөздерінде атап өтіледі. Сондай-ақ мемлекеттердің құқықтық жүйелеріне делдалдың (медиатордың) көмегімен татуласу рәсімдерін еңгізудің белгілі бір оң тәжірибесі бар. Көптеген дамыған елдерде медиация дауларды сот талқылауымен өзара байланыста реттеудің ерекше нысаны ретінде қолданылады. Алайда, қазақстандық заң тәжірибесінде жанжалдарды реттеудің озық тәсілдерін енгізу аз зерттелген.

Қазіргі уақытта медиация дау-жанжалды шешуде кеңінен қолданылуда. Азаматтық, қылмыстық істер мен материалдар бойынша тараптардың арасындағы дауды медиативтік рәсімдер жүргізу арқылы шешу де жиі қолданылуда. Медиацияның негізгі мақсаттарының бірі қоғамдағы қақтығыстарды азайту, авторлардың пікірінше, бұған татуластыру рәсімдері арқылы қолжеткізуге болады. Медиация рәсімі негізінен қылмыстық процестің бәсекелестік және тараптардың теңдігі принципінен байқалады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы өзінің кінәлі еместігін немесе кінәлі екендігін еркін айта алады, жәбірленушімен татуласа алады, процестік келісім жасасып, медиация тәртібімен татуласа алады.

Түйін сөздер: медиация, татуласу процедуралары, қылмыстық процесс, азаматтық процесс, келісім шарттары, жанжал, медиаторларды ұйымдастыру.

МЕДИАЦИЯ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ КАК ОСОБЫЙ МЕХАНИЗМ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КОНФЛИКТОВ

Дячук Марианна Ивановна

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры
«Юриспруденция» Восточно-Казахстанского университета им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан; e-mail: marianna_turani@mail.ru

Рамазанова Айнұр Серікхановна

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры
«Юриспруденция» Восточно-Казахстанского университета им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан; e-mail: aynura_9999@mail.ru

¹ Хат-хабарларға арналған автор

Аннотация. В современном Казахстане судебное разбирательство по гражданским, так и уголовным делам является основным способом защиты конституционных прав и свобод. Конфликтующие стороны все больше заинтересованы в самостоятельном урегулировании возникающих противоречий на взаимовыгодной основе при осуществлении ими контроля над используемой процедурой и ее результатом.

Сегодня проблемам примирительных процедур уделяется значительное внимание. Важность внесудебного разрешения правовых споров на протяжении нескольких лет подчеркивается в выступлениях руководителей высших органов государственной власти Казахстана. Также имеет место определенный, положительный опыт внедрения процедур примирения при помощи посредника (медиатора) в правовые системы государств. Во многих развитых странах медиация существует и применяется как особая форма урегулирования споров во взаимосвязи с судебным разбирательством. Однако в казахстанской юридической практике внедрение передовых способов урегулирования конфликтов остается малоизученной.

В настоящее время медиация становится все более широко известным и распространенным методом посредничества в конфликтах. Как по гражданским, так и по уголовным делам и материалам разрешение конфликта между сторонами путем проведения медиативных процедур, все больше находит свое применение. Одна из основных целей медиации - снижение конфликтности в обществе, по мнению авторов, может быть достигнута через проведение примирительных процедур. Процедура медиации нашла свое отражение в основном принципе уголовного процесса – состязательности и равноправия сторон. Подозреваемый, обвиняемый, подсудимый могут свободно отрицать свою виновность или признавать себя виновными, примириться с потерпевшим, заключить процессуальное соглашение, соглашение о достижении примирения в порядке медиации.

Ключевые слова: медиация, примирительные процедуры, уголовный процесс, гражданский процесс, условия соглашения, конфликт, организация медиаторов.

MEDIATION IN CRIMINAL PROCEEDINGS AS A SPECIAL MECHANISM FOR CONFLICT RESOLUTION

Marianna Ivanovna Diachuk

Candidate of Legal Sciences, Associate professor of the Department of Jurisprudence Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; e-mail: marianna_turani@mail.ru

Ramazanovna Ainur Serikhanovna

Candidate of Legal Sciences, Associate professor of the Department of Jurisprudence Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; e-mail: aynura_9999@mail.ru

Abstract. In modern Kazakhstan judicial proceedings of civil and criminal cases is the primary mode of protecting constitutional rights and freedom. These days conflicting parties are becoming increasingly interested in settling disputes on a mutually advantageous basis on their own, while exercising control over the procedure and its result.

Today, considerable attention has been paid to the problems of conciliation. The importance of the out-of-court settlement of legal disputes has been emphasized for several years by the leaders of the highest organs of State power in Kazakhstan. Also, there is some positive experience in introducing conciliation procedures through a mediator in the legal system of countries. In many developed countries, mediation exists and is used as a specific form of dispute settlement in conjunction with judicial proceedings. However, introducing the best practices of conflict settlement remains little studied in Kazakh jurisprudence.

Currently, mediation is becoming an increasing well-know and widespread method of mediation in conflicts. In both civil and criminal cases and material, the resolution of the conflict between the parties through mediation procedures is increasingly finding its application. One of the main goals of mediation is to reduce conflict in society, be achieved through consolation procedures. The mediation procedure is reflected in the basic principle of the criminal process – the adversarial nature and equality of the parties. The suspect, the accused, the defendant can freely deny their guilt

or plead guilty, reconcile with the victim, conclude a procedural agreement, an agreement to achieve reconciliation through mediation...

Keywords: mediation, conciliation procedure, criminal process, civil process, terms of the agreement, conflict, organization of mediators.

DOI: 10.52026/27885291_2023_75_4_216

Кіріспе

Өз құқықтарын басқа адамдар бұзды деп есептейтін Қазақстан азаматтарының көпшілігі, әдетте, қорғау үшін құқық қорғау органдары мен соттарға жүгінеді. Алайда, соңғы жылдары жанжалды басқа жолмен шешу үрдісі байқалуда: олар озбырлық жасайды, борышкерлерді қорқыту үшін үшінші тұлғаларды тартады, физикалық және психикалық күш қолданады және т.б. Өзінің нақты немесе болжамды құқықтарын қорғаудың мұндай әдістері көбінесе заң бұзушылықтармен шектеседі және нәтижесінде олар заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Медиация – дауды (жанжалды) құқық қорғау органдарына немесе сотқа жүгінбей шешудің балама әдістеріне жататын дауларды заңнамалық реттеу әдісі. Қазақстан Республикасындағы медиация саласындағы негізгі нормативтік құқықтық акт ол Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV ҚР Заңы болып табылады, сондай-ақ оның қағидаттары мен тәртібін айқындайды, медиатордың құқықтық мәртебесін белгілейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға арналған Құқықтық саясатының тұжырымдамасына сәйкес,² іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және қалпына келтіретін сот төрелігі элементтерінің құқық қолдану тәжірибесі – медиация, құқық бұзушылықтарды соттан тыс реттеу өзекті болып қала береді. Бұл қажеттілік ең алдымен еліміздің қылмыстық саясатын ізгілендірумен, сондай-ақ бітімгершілік рәсімдерін оңтайландыру қажеттілігінен туындап отыр.

Қазіргі уақытта медиация жанжалдардағы

делдалдықтың барған сайын танымал және кең таралған әдісіне айналууда. Азаматтық та, қылмыстық істерде де, материалдарда да тараптар арасындағы жанжалды медиация тәртібімен шешу жиі қолданылууда.

Медиацияның негізгі мақсаттарының бірі – қоғамдағы жанжалдарды азайту, авторлардың пікірінше, татуластыру рәсімдері арқылы қол жеткізуге болады.

Материалдар мен тәсілдер

Ғылыми мақаланың әдістемелік негізін жалпы ғылыми (диалектикалық, сипаттау, салыстыру, талдау және синтез, жалпылау, жіктеу) және жеке ғылыми (тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, құқықтық модельдеу әдісі, құжаттық талдау) әдістері құрайды. Сонымен қатар, мақалада эмпирикалық талдау, ғылыми танымның сандық, сапалық және арнайы әдістері қолданылды, оның көмегімен қылмыстық процестегі медиация ерекшеліктерін анықтау үшін, қылмыстық істер бойынша медиация келісімін жасау механизміне талдау жасалды. Жоғарыда аталған ғылыми зерттеу әдістерінің негізінде қылмыстық процестегі медиация саласындағы қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізе отырып, қорытындылар беріледі.

Негізгі ережелер

Медиация рәсімі Қазақстанның көптеген заңнамалық актілерінде, соның ішінде қылмыстық заңнамада көрсетілген. Сонымен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде³ татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейтін 68-бабы бар. Иә, шынында да қылмыстық заңда татуласуға байланысты татуласу және қылмыстық жауаптылықтан босату қарастырылған. Бірақ бұл жерде, әрине, сұрақ туын-

² Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года: Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674 // URL <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>, 20.01.2022 года (дата обращения 15.08.2023)

³ Уголовный кодекс Республики Казахстан: Кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗПК // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226> (дата обращения 20.08.2023 года)

дайды - бұл жерде медиацияның қажеттілігі бар ма?

Жауап қарапайым, заң шығарушы заңдарда негіздер мен субъектілерге кеңірек түсінік берді, немесе басқаша айтқанда, қашан, кім және қандай негізде қылмыстық жауаптылықтан босатуға сене алады деген сұраққа. Сонымен қатар, осыған байланысты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану бойынша сот тәжірибесіне нормативтік түсіндірме берді⁴.

Яғни, бұл қылмыстық процесте медиация рәсіміне кімдер тартылуы мүмкін екенін нақтылайды. Бұлар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласқан жағдайда ғана, оның ішінде медиация тәртібімен татуласқан және келтірілген зиянды өтеген жағдайда ғана өлімге әкеп соғумен байланысты емес қылмыстық құқық бұзушылықты немесе шағын немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасаған адамдар. Заң шығарушы ауыр қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықтан босатуды да қарастырады, бірақ тек белгілі бір санаттағы тұлғаларға қатысты. Бұл кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған ерлер, елу сегіз жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастан асқан және өлімге әкеп соғумен байланысты емес, адам денсаулығына ауыр зиян келтірмеген бірінші рет ауыр қылмыс жасаған ерлер. Мұндай босату, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды өтесе мүмкін болады. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары қолданылады, ол медиациялық келісімге де енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық процестік кодексінің қабылдануымен⁵ қылмыстық процесте жаңа тұлға – медиатор, қылмыстық процеске қатысушы басқа тұлға ретінде пайда болды. Бұл қылмыстық процестің прогрессивті аспектісі деп есептейміз. Медиация тәртібі қылмыстық процестің негізгі қағидаты – тараптардың бәсекеге қабілеттілігі мен теңдігінен де көрініс табады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы өз кінәсін мойындамауы мүмкін немесе кінәсін мойындай тұра, жәбір-

ленушімен татуласа алады, бұл жерде процессуалдық келісім, медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім арқылы жүзеге асыруға болады...

Қылмыстық процестің орбитасына түскен адамның күдікті, айыпталушы немесе жәбірленуші болып табылатынына қарамастан, оның негізгі құқықтары мен міндеттерінің қатарына медиация тәртібімен қол жеткізуге болатын татуласу құқығы да енгізілген. Заң шығарушы жәбірленушіге, азаматтық талапкерге және жауапкерге де осындай құқықтарды қамтамасыз етті. Сондай-ақ қылмыстық процесте өз өкілеттіктері шегінде медиация жүргізген медиаторлардың құқықтары да қорғалады. Бұл Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің [2] 78-бабында көрсетілген, онда медиатордан өз қызметіне байланысты белгілі болған мән-жайлар бойынша куә ретінде жауап алуға болмайды деп көрсетілген. Қылмыстық процесте медиатордың қылмыстық процеске қатыса алатын басқа тұлға сияқты қылмыстық процестегі құқықтары мен міндеттеріне ерекше назар аударылады.

Медиация сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында да, сотта да болуы мүмкін. Сондықтан қылмыстық іс бойынша медиацияны жүргізуге негіз болған жағдайда, сот тараптарға дауды бейбіт жолмен – медиация тәртібімен шешу мүмкіндігін де бере алады. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соңғы 3 жылдағы есептерін қарап, медиатордың қатысуымен дауларды (жанжалдарды) шешу бойынша статистикалық деректердің жоқтығы анықталды. Бұл ретте бір ғана бағанды қарастыратын статистикалық есеп беру – тараптардың татуласуы туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату (ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 36-бабының 1-бөлігі бойынша), төмен көрсеткіштерді көрсетеді. Осыған сүйене отырып, тергеуші (анықтаушы) егер мұндай статистикалық деректер жоқ болса және басшылыққа істің қалай қысқартылғаны қызықтырмаса, сотқа дейінгі іс жүргізуге медиаторды тартудың қажеті жоқ деп санауы мүмкін. Осы уақытта, соттар шағын және орташа ауырлықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарау және шешумен айналысуда [1; с. 182-187].

⁴ О судебной практике по применению статьи 68 Уголовного кодекса Республики Казахстан: Нормативное Постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 21 июня 2001 года N 4 // URL: (дата обращения 20.08.2023 года)

⁵ Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗПК // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>, (дата обращения 21.08.2023 года)

Айта кету керек, заңнама апелляциялық сатыда да татуласу туралы келісімге келуге мүмкіндік береді. Заң шығарушы мұндай құқықты Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 429-бабында қамтамасыз еткен [2]. Осылайша, өзі жасаған қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан қылмыстық процестің орбитасына түскен адам, сотқа дейінгі және сот іс жүргізудің кез келген сатысында делдал – медиатордың көмегімен жәбірленушімен татуласа алады деген қорытынды жасауға болады.

Сол сияқты медиация рәсімін қолданудың мұндай құқығы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабында көзделген⁶, өлімге әкеп соғумен байланысты емес, қылмыстық құқық бұзушылық немесе ауырлығы орташа немесе ауыр емес қылмыс жасаған адамдарға қатысты орын алады. Дауды немесе жанжалды реттеу туралы келісімге келгеннен кейін кінәлі адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Бұл жерде бұл мәселе сұрақ тудырмайды және Шығыс Қазақстан облысының соттарымен қолданылады.

Барлығына мәлім, қылмыстан зардап шеккендердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, әлеуметтік әділеттілік пен келтірілген зиянды өтеу азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау мақсаттарының бірі болып табылады [3]. Мысалы, сотта шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру мәселесін қараған кезде осы мақсатты жүзеге асыру қызығушылық тудырады. Көп жағдайда даудың мәні жәбірленушінің сотталғанның мерзімінен бұрын босату туралы өтінішімен келіспеуінде, себебі сотталушыға талап қою арызы өтелмеген, моральдық жағы және т.б.

Нәтижелер мен пікірталас

2018 жылы Шығыс Қазақстан облысының соттары Қазақстан Республикасында бірінші рет үкімді орындауға байланысты мәселелер бойынша медиация механизмін қолданды, немесе сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны жа-

заның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтініштерін қарау кезінде.

Заңда сотталушының заңда көзделген жаза мерзімінің бір бөлігін іс жүзінде өтеуі шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруға сөзсіз негіз бола алмайды деп көрсетілген. Бұл мәселені шешу кезінде соттар жеке көзқарасты қамтамасыз етіп, сотталған адамның мінез-құлқындағы оң өзгерістерді бағалауы керек⁷. Бұл мәселені шешуде медиация механизмін қолдану сотталған адамның да, жәбірленуші тараптың да конституциялық құқықтарын қорғаудың бір жолы болып табылады⁸. Көбінесе жәбірленушінің келіспеушілігі, әсіресе өмірге және денсаулыққа қарсы қылмыс жасаған кезде, моральдық жағымен де байланысты, оны сотталушы жәбірленушіден кешірім сұрай алады, қолдан келген көмекті көрсетуге міндеттенеді, және ол жұмысқа орналасқан кезде мүліктік шағымды төлеуге міндеттенеді. Өйткені, түзеу мекемелеріндегі сотталғандар іс жүзінде жұмысқа орналаспайды, не аз болса да табыс табатыны жасырын емес. Талап арызды өтеу, жәбірленуші тарапты толғандыратын өзге де мәселелерді шешу мерзімдерін белгілей отырып, медиация келісімін жасасу кезінде сотталған адам мерзімінен бұрын босатылуы немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жаза неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылуы мүмкін. Мәселен, медиация келісімін жасасқанда және талап арызды болашақта өтеу шартымен жазаны бас бостандығын шектеумен ауыстыру кезінде, медиатор мен сот шешімде шарттар орындалмаған жағдайда медиация келісімі бойынша пробация қызметі, жәбірленушінің өтініші бойынша бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру және сотталғанды өзі шыққан түзеу мекемесіне жіберу ұсынымымен сотқа жүгінуге міндетті. Бұл шарт, біздің ойымызша, сотталушы медиация келісімінің шарттарынан жалтарса, колонияға қайта оралу «қауіпі» бойынша талап қоюды реттеу үшін барлық шараларды қолдануға мүмкіндік беретін негізгі тетіктердің бірі болып табылады. Авторлардың пікірінше, егер талап қою арызымен қоса өтелмеген материалдық немесе моральдық зиян болса, сот-

⁶ Сборник Нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан с 2012-2021 годы // URL: <https://sud.gov.kz/rus/kategoriya/normativnye-postanovleniya-po-godam> (дата обращения 15.08.2023 года)

⁷ О судебной практике условно-досрочного освобождения от отбывания наказания, замены неотбытой части наказания более мягким видом наказания и сокращения срока назначенного наказания: Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 2 октября 2015 года № 6 // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000006S> (дата обращения 10.08.2023 года)

⁸ О медиации: Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000401>, 18.08.2023 года

талушының өтініші жазаны бас бостандығын шектеумен ауыстыру туралы ғана берілуі мүмкін. Өйткені айыппұл салынса, онда уәкілетті органның сотталушының талап қою арызын төлеуі үшін ықпал ету мүмкіндігі болмайды. Бұл жерде сот пен медиатор сотталған адамның жағдайын ғана ескеріп қоймай, жәбірленушінің құқығын қорғауды да ұмытпауы керек. Медиациялық келісімнің талаптары жәбірленушінің құқықтарына нұқсан келтіре алмайды, оның қылмыспен келтірілген зиянды өтеу құқығын шектей алмайды.

Жазаны орындау кезінде материалдарды қарау арқылы медиация рәсімін қолдану - жәбірленуші мен сотталған арасындағы жанжалды азайтудың, сот төрелігін қалпына келтіру қағидатын іске асырудың, сондай-ақ түрмедегілер санын азайтудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады, сондай-ақ нәтижесінде түрме контингентін ұстауға мемлекет шығындарын қысқарту мәселесін шешеді⁹.

Бүгінгі күні мәселені шешуде медиация келісімін жасасуға, әдетте, сот үкімі бойынша талап қою арызының болуы себеп болып табылады. Ал бұл жағдайларда медиатордың жұмысы осы жанжалды шешуге, залалды өтеу тәртібі мен әдісін, оны өтеу мерзімін шешуге келіп тіреледі, ал егер мәселенің моральдық жағы болса, тараптардың татуласуына көмектесу немесе, кем дегенде, қылмыс пен оның зардаптарына байланысты сұрақтарды жою. Өйткені, сотталушының тезірек шығуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтыны жасырын емес. Алайда, бұл ретте медиатор сотталғанға медиация келісімінің талаптарын орындамаудың, медиация келісімін орындаудан жалтарудың салдарын түсіндіреді. Сондай-ақ, медиатор жәбірленуші тараппен медиация келісімін жасау туралы келіссөздер жүргізген кезде медиация келісімін жасасқан жәбірленуші медиация келісімінің негізінде шығарылған сот актісімен «сақтандырылған» екендігін де түсіндіреді. Сотталған медиация келісімін орындаудан жалтарса, жәбірленуші жазаны бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы пробация қызметі арқылы сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жерде сотталған адам да, жәбірленуші де медиациялық келісім жасалып, дауды немесе жанжалды медиатор арқылы реттегеннен кейін олар үшін туындайтын құқықтары мен

міндеттерін білетін болады.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының аудандық соты сотталған М.-ның бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны жазаның неғұрлым жеңіл түрімен, яғни бас бостандығын шектеумен ауыстыру туралы өтінішін қарады¹⁰.

Сот, үкім бойынша өндіріп алынған өтелмеген талап қою арызының бар екендігін ескере отырып, оның арызын қанағаттандырудан бас тартты. Аталған материалды апелляциялық сатыдағы сотта қарау кезінде сотталушы мен жәбірленуші дауды шешу үшін олардың арасында медиациялық келісім жасасу туралы өтініш білдірді. Келісім шарттарына сәйкес, сотталған адам босатылып, жұмысқа орналасқаннан кейін бір айдан кейін сот үкімі бойынша талап арызды жәбірленуші тараппен келісілген мөлшерде төлеуге міндеттенді, ал жәбірленуші тарап өтеудің бұл әдісіне қарсылық білдірмеді. Сот алқасы тараптардың уәждерімен келісіп, жасалған медиациялық келісімді ескере отырып, бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жойып, сотталған М.-ның арызын қанағаттандырған жаңа шешім қабылдады. Бұл медиациялық келісімнің негізгі шарттарының бірі ай сайынғы төлемді төлемеген немесе оны төлеуден жалтарған жағдайда жәбірленуші пробация қызметі арқылы сотқа осы шешімнің күшін жою және сотталған адамды бас бостандығынан айыру орындарына қайтару туралы өтінішпен жүгінуге құқылы болатыны болып табылады.

Басқа мысал, бірақ керісінше. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы материалды қарау кезінде сотталғанмен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігінің 1-тармағында көзделген алаяқтық қылмыстық іс бойынша бірнеше жәбірленушілермен жасалған медиациялық келісім ұсынылды. Осы медиациялық келісімнің шарттарына сәйкес, сотталушы тараптардың әрқайсысына ай сайын 50 000 теңгеден төлеуге, сонымен қатар тұрақсыздық айыбын (!) төлеуге міндеттенді, сонымен қатар шарттардың бірі орындалмаған жағдайда, жәбірленушілерге моральдық зиянды өтеу төлеуге міндеттенді, ал жәбірленушілер тиісті соманы өндіру туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы болатыны ескерілген.

Бірінші сатыдағы сот, сондай-ақ апел-

⁹ Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан: Кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 234-IV ЗПК // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000234>, 22.08.2023 года

¹⁰ Судебная практика судов Восточно-Казахстанской области База данных «Төрелік» за 2018-2022 годы // Официальный сайт <https://vko.sud.kz/>

ляциялық сатыдағы сот бұл келісімге сыни көзқараспен қарап, оны жәбірленушілердің құқықтарын бұзу деп таныды, өйткені іс бойынша 10 жәбірленуші болса, ай сайын сотталушы 50 000 теңге төлесе, табысы кемінде 500 000 теңге болуы керек. Оның мұндай жалақысы жоқ. Оның үстіне заңмен келтірілген залалды өндіру туралы сотқа қайта жүгінуге жол берілмейді. Тағы бір ескеретін жайт – мүліктік талаптар бойынша моральдық шығын өндірілмейді. Осылайша, соттар сотталушының шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартып, жәбірленушілердің құқықтарын бұзуға жол бермеді.

Қорытынды және ұсыныстар

Жалпы, медиация рәсімін қылмыстық, қылмыстық процестік және қылмыстық-атқару заңдарына енгізу мемлекеттің қоғамдағы жанжалдарды азайтуға бағытталған прогресивті қадамы болып табылады.

Қылмыстық процесте медиация институтының оң әлеуетін толық пайдалану мақсатында кейбір заңнамалық актілерге толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 58, 60, 63-баптарына тергеушінің, анықтаушының күдіктіге (айыпталушыға) жәбірленуші тараппен медиация келісімін жасасу құқығын түсіндіру міндеті туралы өзгерістер енгізу қажет,

сондай-ақ прокурордың қадағалау органы ретіндегі міндеттеріне сәйкес, осы сұрақтарды бақылау туралы. Жасыратыны жоқ, тараптардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында татуласуы мүмкін болса да, қылмыстық қудалауды тоқтатуға болатын істер сотқа жіберіледі, содан кейін ғана бұл істер сотта тоқтатылады.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, медиаторды келесі сұрақтарды шешуге байланысты кірістіруге, атап айтқанда, жазаны одан әрі өтеуге, келтірілген зиянды өтеуге байланысты мәселелерді шешуге, себебі ол сұрақ анықталмаса, сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72, 73-баптарына сәйкес сотталғандардың өтінішхатын қанағаттандыруға құқығы жоқ. Сондықтан, медиация келісімін жасасу Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде мүлдем көзделмегендіктен, дауларды баламалы шешудің бір түрі ретіндегі тетігін осы аталған кодекске қажет ететін баптарына енгізе.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған кодекстерде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы мен түзеу мекемесінің жәбірленушімен татуласу мүмкіндігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралары, міндеттері, медиацияны қақтығысты шешу механизмі ретінде қылмыстық процеске енгізу үрдісінде қажетті жағдай жасайды.

ЛИТЕРАТУРА

1. Саду Д.Г. *Некоторые проблемы медиации в уголовном процессе / Уголовная политика Казахстана до 2030 года: новый взгляд и перспективы: Материалы международного круглого стола, г. Нур-Султан, 11 марта 2022 года / Университет КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева. – Нур-Султан, 2022. – 192 с.*
2. Когамов М.Ч. *Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан (постатейный, к нормам УПК в редакции Законов РК от 31 октября и 24 ноября 2015 года). - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. - 220 с.*
3. Дячук М.И. *Развитие института медиации в Республике Казахстан / журнал «Вестник института законодательства и правовой информации» - 2021 год, №1 (64), стр. 219, <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-instituta-mediatsii-v-respublike-kazahstan>, 17.11. 2120.*

REFERENCES

1. Sadu D.G. *Nekotoryye problemy mediatsii v ugovolnom protsesse / Ugolovnaya politika Kazakhstana do 2030 goda: novyy vzglyad i perspektivy: Materialy mezhdunarodnogo kruglogo stola, g. Nur-Sultan, 11 marta 2022 goda / Universitet KAZGYUU imeni M.S. Narikbayeva. – Nur-Sultan, 2022. – 192 s.*
2. Kogamov M.CH. *Kommentariy k Ugolovno-protsessual'nomu kodeksu Respubliki Kazakhstan (postateynyy, k normam UPK v redaktsii Zakonov RK ot 31 oktyabrya i 24 noyabrya 2015 goda) / Almaty: Zhetı Zhargy, 2015. - 220 s*
3. Djachuk M.I., *Razvitie instituta mediatsii v Respublike Kazahstan/ zhurnal «Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii» - 2021 god, №1 (64), str. 219, <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-instituta-mediatsii-v-respublike-kazahstan>, 17.11. 2120.*

ЗАҢ ТЕХНИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ТӘСІЛДЕРІ

Айгүл Көбейсінқызы Махамбетова

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері, құқық магистрі;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: mak271079@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібіне қысқаша сипаттама беріліп, заң техникасының қалыптасқан практикадағы ықтимал әсері қаралады. Сөздер сөйлемде өзара байланысуы үшін қалыпты орындарын сақтауға тиіс. Зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерін осы саладағы мәселелерді зерттеуге арнады. Автор қазақ тілтанушысы, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы М. Балақаевтың пікіріне тоқталып, оның сөздердің қалыпты орналасу тәртібіне, соның ішінде тұрлаулы сөйлем мүшелері орын тәртібіне қатысты тұжырымын келтіреді. Мақалада сол орын тәртібінің анықтамасы беріліп, талап сақталмаған жағдайда қандай өзгеріс болатыны мысалдармен көрсетіледі. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамалық актілерде осы әдеби тіл нормасы талабының сақталуы тұрғысынан талдау жүргізіледі. Әр кезеңде қабылданған заңнама мәтіндерін салыстырып талдау арқылы оның нәтижесі кестеде көрсетіледі. Мәселен, онда бір ғана «болып табылады» сөзінің орын тәртібін түрліше берілген. Зерттеу тұжырымы құқықтық актілерді әзірлеу барысында қажет болатын нақты тәсіл түрінде ұсынылады.

Сонымен бірге кодекстерге түзету енгізу көзделген ілеспе заң жобаларын әзірлеу кезінде орын алған олқылықтар қолданыстағы заңнама мәтіндерінен көрсетіледі. Ілеспе заңда жазылған кодекс атауын, қабылданған жылын көрсету тәсілдері кестелерде беріліп, нәтижесінде әзірлеушілерге көмекші құрал болатын нақты кесте ұсынылады. Бұл нәтижені әзірлемелер үшін негізге алынатын құжаттарға жатқызуға болады.

Тақырыптың көкейкестілігін ашу мақсатында мәселені практикалық тұрғыдан зерделеуге де назар аударылады. Осы тұрғыдан көршілес елдің заң техникасы практикасына қысқаша шолу жасалады. Олқылықтарға жол бермеу амалдарының бірі ретінде құқықтық акт мәтінін әзірлеуде қолдану қажет болатын тәсілдер ұсынылады. Атап айтқанда, қорытынды тұжырымдарды заң шығару практикасында қолданған орынды. Автор заң құжаттарын сауатты әрі дұрыс ресімдеу жолымен ғана ондағы олқылықтардың алдын алуға болатынын ұсынатын ғалымдардың тұжырымдарына да тоқталады.

Түйін сөздер: заң техникасы; кодекс; ілеспе заң; кодекстің жазылу тәртібі; заңнамалық акт; сөздердің орын тәртібі.

НЕКОТОРЫЕ ПОДХОДЫ ЮРИДИЧЕСКОЙ ТЕХНИКИ

Махамбетова Айгүль Кобейсиновна

Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, магистр права; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: mak271079@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается краткое описание порядка слов на казахском языке и потенциальная интерференция, сложившаяся на практике применения юридической техники. Предложения на казахском языке имеют некоторые особенности, обусловленные специфичным порядком слов. Немало исследователей посвятили свои труды изучению вопросов этой области. Автор обращается к мнению казахского языковеда, выдающегося ученого, доктора филологических наук М. Балакаева и приводит его выводы об устойчивом порядке расположения слов, в том числе о порядке главных членов предложения. В статье дается определение данного порядка и иллюстрируется на примерах, к каким изменениям может привести несоблюдение требований. Также проводится анализ действующих законодательных актов на предмет соблюдения требований указанной

литературной нормы. Результаты сопоставительного анализа текстов законодательства, принятые в разных периодах, отражаются в таблицах. Например, лишь одно слово «болып табылады» (является) имеет разный порядок расположения. Вывод исследования представляется в виде конкретного подхода, являющегося необходимым при разработке правовых актов.

Вместе с этим, имеющиеся пробелы при разработке сопутствующих законопроектов, по которым предусмотрено внесение поправок в кодексы, отражаются на примерах из действующего законодательства. Подходы к изложению заголовка и даты принятия кодекса, предусмотренные в сопутствующем законе, представлены в таблицах, разработчикам представляется его конкретный результат-таблица, который является вспомогательным инструментом. Этот результат можно отнести к основополагающим документам для разработок.

В целях раскрытия актуальности темы внимание уделяется изучению проблемы в практическом разрезе. В этом отношении представлен краткий обзор из практики юридической техники соседней страны. Как один из способов недопущения пробелов предлагаются подходы, необходимые для использования при разработке текста правового акта. В частности, заключительные выводы могут быть использованы в законотворческой практике. В статье автор останавливается на выводах ученых, предлагающих методы исключения пробелов в юридических документах путем их грамотного и правильного оформления.

Ключевые слова: юридическая техника; кодекс; сопутствующий закон; порядок изложения кодекса; законодательный акт; порядок слов.

CERTAIN APPROACHES OF LEGAL TECHNIQUE

Makhambetova Aigul Kobeyzinovna

Leading Researcher of the Center for Linguistics of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Master of Law; Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: mak271079@mail.ru

Abstract. The article discusses a brief description of word order in Kazakh and the potential interference that has developed in the practice of legal technique. Kazakh sentences have some peculiarities due to the specific word order. Numerous researchers have devoted their works to the study of issues in this field. The author refers to the opinion of the Kazakh linguist, outstanding scientist, doctor of philological sciences M. Balakaev and cites his conclusions on the stable order of words, including the order of the main members of the sentence. The article defines this order and illustrates with examples what changes may result from non-compliance. It also analyses the current legislative acts for compliance with the requirements of this literary norm. The results of comparative analysis of the texts of legislation adopted in different periods are reflected in the tables. For example, only one word "болып табылады" (is) has different ordering. The conclusion of the study is presented in the form of a specific approach, which is necessary in the development of legal acts.

At the same time, existing gaps in the drafting of companion bills, for which amendments to codes are envisaged, are reflected on examples from existing legislation. The approaches to the presentation of the title and date of adoption of the code provided for in the companion legislation are tabulated, the developers are presented with its specific result-table, which is an auxiliary tool. This result can be referred to as a foundational document for developments.

In order to reveal the relevance of the topic, attention is paid to the study of the problem in the practical context. In this respect, a brief overview from the practice of legal technique of a neighbouring country is presented. As one of the ways to avoid gaps, approaches are suggested for use in the development of the text of a legal act. In particular, the final conclusions can be used in law-making practice. In the article the author dwells on the conclusions of scientists who propose methods of excluding gaps in legal documents by means of their competent and correct design.

Keywords: legal technique; code; collateral law; order of code; legislative act; order of words.

Кіріспе

Сөйлемнің белгілі бір құрылысын таңдауда сөйлемнің мағыналық жағы үлкен рөл атқарады. Белгілі бір ойды білдіру үшін оған сәйкес сөздермен қатар, олардың орын тәртібі де таңдалып алынады. Сөйлемнің мағыналық жағы мен құрылымдық жағы өзара тығыз байланысты болады. Сөздердің орын тәртібі олардың сөйлем ішінде белгілі ретпен орналасу тәртібі дегенді білдіреді. Сөз болып отырған осы орын тәртібін сақтау заңнамалық актілерге де тән. Бұған қоса заңнама техникасының көрсетілген тәртіпке ұқсас кейбір талаптарын сақтау да міндетті болып келеді. Заңнамалық актілерді құрылымдау, жетілдіріп, түсінікті етуге арналған заң техникасының құқық құжаттарының сапалы болуына ықпал ететіні сөзсіз. Ол заңнаманы жетілдіруде үлкен мәнге ие. Сондықтан зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады әрі ол көп зерттелмеген тың тақырыптар қатарына жатады.

Әдістер

Талдау, оның ішінде заң техникасының тәсілдерін талдаудың ғылыми әдістері, жалпы шолу және салыстыру негізге алынды.

Негізгі бөлім (талқылаулар мен нәтижелер)

Сөйлемдегі сөздер өзара байланыста болу үшін олардың белгілі бір қалыптағы орындары болуы шарт. Сөздердің қалыпты орналасу тәртібі арқылы, біріншіден, олардың син-

таксистік байланысы жүзеге асса, екіншіден, синтаксистік қатынасы айқындалады (мыс.: биік ағаш, темір қасық, жалт қарады, т.с.с.). Бұған қоса М. Балақаев: «жалғаусыз, тұрған орнына қарай байланысқан сөздердің байланысы берік болады», – дейді. Сондықтан олардың орнын өзгертуге болмайды: өзгертсе, не байланыс үзіледі, не синтаксистік қызметі өзгереді (білімді студент, студент білімді). Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі деп сөйлем мүшелерінің бір-бірімен белгілі синтаксистік қарым-қатынасқа түсіп құрылуын айтады.

М. Балақаев көрсеткен сөздердің орын тәртібіне байланысты тәсілдердің бірі: бастауыш пен баяндауышты ажыратады. Сонымен қатар жалпы ереже бойынша сөйлем мүшелерінің орын тәртібі: баяндауыш сөйлемнің ең соңында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықталатын сөзден бұрын, толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысатын сөздерден бұрын тұрады [1, 79-81-б.].

Құқықтық актілер туралы заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес заң мәтіні әдеби тіл нормалары да сақтала отырып жазылуға тиіс¹. Осы талап бойынша жоғарыда анықтама берілген ереже де сақталуы қажет. Аталған ереженің және заң техникасының кейбір талаптарының сақталатыны-сақталмайтынына жүргізілген зерттеуге тоқталған жөн.

Заңнамалық акт – ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, кодекс, шоғыр-

№	Түзету енгізілген ілеспе заң	Заңнамалық актінің ілеспе заңда берілген редакциясы
1.	2022 жылғы 3 қаңтардағы № 101-VII ҚРЗ	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі ²
2.	2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі ³
3.	2022 жылғы 21 мамырдағы № 123-VII ҚРЗ	2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі ⁴

¹ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>. Қаралған күні: 14.06.2023 ж.

² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000123>. Қаралған күні: 14.06.2023 ж.

³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 3 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000118>. Қаралған күні: 14.06.2023 ж.

⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000123>. Қаралған күні: 14.06.2023 ж.

ландырылған заң, заң, ҚР Үкіметінің заң күші бар уақытша қаулысы, ҚР Парламенті Сенатының және Мәжілісінің қаулылары. Осындай актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық акт

көрсетіледі:

Осы кестенің соңғы жолындағы мысалда кодекс дұрыс жазылған. Яғни заң техникасына сәйкес ҚР денсаулық саласындағы кодексінің алдымен қабылданған жылы,

№	Түзету енгізілген ілеспе заң	Заңнамалық актінің ілеспе заңда берілген редакциясы
1	2023 жылғы 6 ақпандағы № 194-VII ҚРЗ	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі
2	2023 жылғы 27 наурыздағы № 216-VII ҚРЗ	2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі

жобасының мәтінінде сол актілердің тақырыбы, қабылданған күні көрсетілуге тиіс. Алайда осы деректерді көрсетуде бірізділіктің сақталмайтыны құжат жобаларында ғана емес, кейбір заңнамалық актілерде де байқалады. Атап айтқанда, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс деректемелерінің 2022 жылы түзетулер енгізу барысында жазылған нұсқалары төменде

тырнақша ішінде атауы, соңында актінің негізгі түрі жазылады. Осы жазылу реті неке-отбасы саласындағы кодексте да сақталады. Алайда осындай олқылықтың бұл кодексте де орын алғаны мына кестеден анық көрінеді:

Осындай болмашы қателерді болғызбау мақсатында қолданыстағы кодекстерге қатысты мынадай кесте ұсынылады: Бұл үлгі-кестенің

№	Реттелетін қоғамдық қатынастар	Заң техникасына сәйкес кодекстің жазылу тәртібі
1.	бюджеттік	2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ⁵
2.	азаматтық	1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) ⁵
3.		1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) ⁵
4.	азаматтық процестік	2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі ⁶
5.	неке-отбасы	2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі ⁵
6.	экологиялық	2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі ⁷
7.	су	2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексі ⁷
8.	жер	2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі ⁵
9.	орман	2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексі ⁷

⁵ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000226>. Қаралған күні: 14.06.2023 ж.

⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000194>. Қаралған күні: 14.09.2023;

⁷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 19 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000223/compare>. Қаралған күні: 14.09.2023;

10.	салық	2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) ⁸
11.	кеден	2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі ⁵
12.	еңбек	2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі ⁵
13.	қылмыстық жазаларды орындауға байланысты	2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі ⁵
14.	әкімшілік жауаптылыққа тартуға байланысты	2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі ⁹
15.	қылмыстық жауаптылыққа тартуға байланысты	2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі ¹⁰
16.	қылмыстық-процестік	2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі ⁵
17.	денсаулық сақтау саласындағы	2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі ⁵
18.	кәсіпкерлік саласындағы	2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі ⁵
19.	жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы	2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі ⁵
20.	әкімшілік рәсімдерді және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асыруға байланысты	2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі ⁷

кез келген саладағы кодекс жобасын әзірлеу барысында септігін тигізери анық. Осындай кесте, яғни ҚР кодекстері жобаларын ресімдеу тәртібі әдістемелік ұсынымдардың IV тарауында қамтылған [2, 40-41-б.].

Көршілес елдер тәжірибесі ретінде Ресейдің заңнама саласындағы актілерді ресімдеудің әдіс-тәсілдеріне тоқталуға болады. Бұл елде заң жобаларын заң-техникалық тұрғыдан ресімдеу жөніндегі әдістемелік

ұсынымдар 2021 жылы жаңа редакцияда бекітілген. Заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы заң жобаларын ресімдеу тәртібі 4-тарауда анық жазылған. Онда өзгерістер енгізудің нақты мысалдары берілген. Мысалы:

Бұл кестеден актінің «актінің түрі, жылы, нөмірі, «атауы» түріндегі жазылу ретін нақты көруге болады [3, С. 36].

№	Түзетудің түпнұсқасы
1.	<p>О внесении изменений в статью 5 Федерального закона «О» и Федеральный закон «О»</p> <p>Статья 1</p> <p>Внести в статью 5 Закона Российской Федерации от № ... «О» (Собрание законодательства Российской Федерации, 2000, № ..., ст. ...) следующие изменения:</p> <p>1) часть 1 дополнить словами «.....»;</p>

⁸ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» 2023 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z230000025/compare>. Қаралған күні: 14.09.2023;

⁹ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000227/compare>. Қаралған күні: 14.09.2023;

Р.б №	Заңның атауы	Қабылданған жылы
1.	«Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 1 қаңтар
2.	«Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 2 қаңтар
3.	«Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 6 ақпан
4.	«Әскери полиция органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 14 наурыз
5.	«Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 4 шілде
6.	«Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 5 шілде
7.	«Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 10 шілде
8.	«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2023 жылғы 12 шілде

Айтып өткен жалпы ереженің, атап айтқанда, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі бойынша баяндауыштың сөйлем соңында тұру талабының сақталуын анықтау

берілген кестеде көрсетілді:

1) 2023 жылы қабылданған заңдар мәтінінде:

2) 1995 – 2001 жылдар аралығында қа-

Р.б №	Заңның атауы	Қабылданған жылы
1.	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы»	1995 жылғы 30 наурыз
2.	«Тұтыну кооперативі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2001 жылғы 8 мамыр
3.	«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2000 жылғы 7 маусым
4.	«Өндірістік кооператив туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	1995 жылғы 5 қазан
5.	«Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2000 жылғы 19 қазан

мақсатында ағымдағы жылы қабылданған және 1995 – 2001 жылдар аралығында қабылданған заңдар зерделенді. 2023 жылы 1 қаңтар мен 12 шілде аралығындағы негізгі құқықтық актілердің тізімі:

Ал іргелі және қолданбалы зерттеу бойынша мониторинг жүргізілген кейбір заңдар төмендегі кестеде келтірілді:

Екі кезеңде таңдалған заңдар мәтінінде кездесетін «болып табылады» (являет(-ют) ся) баяндауышының орын тәртібі төменде

былданған заңдар мәтінінде:

Бұдан екі кезеңнің төмендегідей салыстырма кестесі шығады:

Бұл жерде «болып табылады» етістігінің «мыналар» деген сөзбен тіркесіп не жеке өзі тұрып жасалған орын тәртібінің 5 түрлі тәсілі байқалады. Заңнамадағы қолданылу жиілігін, құрылымдық бөлікті толықтыру бөлігінде заң техникасы мен жалпы ережені негізге алып, мынадай тұжырым жасалады:

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000186/compare>. Қаралған күні: 14.09.2023;

№	Заңның құрылымдық бөлігі	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
1.	Агломерацияларды дамыту туралы заңның 4-бабының 1-тармағы	1. Критериями отнесения населенных пунктов к агломерации являются: 1) наличие ...; 2) тенденция	1. Елді мекендерді агломерацияға жатқызу өлшемшарттары мыналар болып табылады: 1) ... болуы; 2) ... үрдісі.
2.	Өсімдіктер дүниесі туралы заңның 3-бабының 2-тармағы	2. Задачами законодательства Республики Казахстан ... являются: 1) обеспечение ...; 2) ... обеспечение ...; 3) обеспечение; 4) развитие	2. Мыналар: 1) ... қамтамасыз ету; 2) ... ғылыми қамтамасыз ету; 3) ... қамтамасыз ету; 4) ... дамыту Қазақстан Республикасының ... заңнамасының міндеттері болып табылады.
3.	Кәсіптік біліктілік туралы заңның 4-тармағы	Участниками Национальной системы квалификаций являются: 1) ...; 2) ...; 11) центры признания.	Мыналар: 1) ...; 2) ...; ... 11) тану орталықтары Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылар болып табылады.
4.	Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңның 9-бабының 1-тармағы; 32-тармағы 3-тармағы	1. Основными функциями комиссии являются: 1) ...; 2) ...; 3) ...; 4) формирование	1. Комиссияның негізгі функциялары: 1) ...; 2) ...; 3) ...; 4) ... қалыптастыру болып табылады.
		3. Поступлениями Специального государственного фонда являются: 1) ...; 2) деньги	3. Арнаулы мемлекеттік қордың түсімдері мыналар болып табылады: 1) ... ақша; 2) ... ақша;
5.	Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңның 3-бабының 2-тармағы	2. Задачами настоящего Закона являются: 1) ...; 2) ...; ... 5) обеспечение	2. Осы Заңның міндеттері мыналар болып табылады: 1) ...; 2) ...; ... 5) ... қамтамасыз ету.
6.	Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы заңның 3-бабының 2-тармағы	2. Задачами создания Семипалатинской зоны ядерной безопасности являются: 1) ...; 2) ...; ... 5) развитие	2. Мыналар Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру міндеттері болып табылады: 1) ...; 2) ...; ... 5) ... дамыту.

Қорытынды

Осы зерттеу нәтижесінде ұсынылған үлгі – заң техникасы әдістемесінің толықтырылып өңделген нұсқасы. Ілеспе заң жобаларындағы түзетулер енгізілетін кодекстің жазылу тәртібін құқықтық жүйелерден іздеуге уақыт жоғалтпай, осы дайын үлгіні қолдану ұсынылады. Бұған қоса кестеде мысалдар

келтіріліп көрсетілген тәсіл қолданылған жағдайда негізгі заң мәтінінде бірізділік сақталады әрі ілеспе заң мәтінінде құқықтық актілерге толықтыру енгізу тәсілі жеңілдейді. Өзірлеуші органдар тұжырымдалып, ұсынылып отырған екі тәсілді заң техникасы бойынша әдістемелік көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

№	Заңның құрылымдық бөлігі	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
1.	ҚР Ұлттық Банкі туралы заңның 3-тармағы	3. Принципами особого режима регулирования являются: 1) ...; 2) соблюдение	3. Ерекше реттеу режимінің қағидаттары: 1) ...; 2) ... сақтауы болып табылады.
2.	Тұтыну кооперативі туралы заңның 17-бабының 1-тармағы	1. Органами управления потребительского кооператива являются: 1) ...; 2) ...; 3) ...	1. Тұтыну кооперативінің органдары мыналар болып табылады: 1) ...; 2) ...; 3) ...
3.	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңның 7-бабы; 22-бабының 1-тармағы	Объектами государственной системы обеспечения единства измерений являются: 1) ...; ... 9) 1. Объектами государственного метрологического контроля являются: 1) ...; ... 7)	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің объекті-лері мыналар болып табылады: 1) ...; ... 9) 1. Мыналар мемлекеттік метрологиялық бақылау объекті-лері болып табылады: 1) ...; ... 7)
4.	Өндірістік кооператив туралы заңның 20-бабының 1-тармағы	1. Источниками формирования имущества производственного кооператива являются: 1) ...; 2) ...; 3) иные источники	1. Өндірістік кооператив мүлкін құрайтын көздер мыналар: 1) ...; 2) ...; 3) ... өзге де көздер болып табылады.
5.	Күзет қызметі туралы заңның 3-бабы	Основными задачами охранной деятельности являются: 1) ...; 2) защита	Күзет қызметінің негізгі міндеттері: 1) ...; 2) ... қорғау болып табылады.

Сонымен қатар заң техникасы саласындағы мына тұжырымға тоқталып өткен орынды. Көптеген заңгерлер өз қызметінде заң техникасын негізгі құрал ретінде танымағандықтан, қиындықтарға тап болады. Оның алдын алу үшін құқықтану саласын-

дағы заң құжаттарының сауатты әрі дұрыс ресімделуін, нормативтік құжаттарды құрастыруда заң хатының техникасы қағидаларын негізге алу қажет [4, 11-б.]. Құқықтық акт мәтінінің қисынды болмауы заң шығармашылығына қайшы келеді. Қайшылықты

№	Заң мәтініндегі нұсқа	2023 жылы қабылданған заңдар мәтінінде	1995 – 2001 жылдар аралығында қабылданған заңдар мәтінінде
1.	1. Есім сөз мыналар болып табылады: 1) ... ; 2)	кездеседі	кездеседі
2.	1. Мыналар: 1) ...; ... 4) есім сөз болып табылады.	кездеседі	кездеседі

3.	1. Есім сөз: 1) ...; ... 4) ... қалыптастыру болып табылады.	кездеседі	кездеседі
4.	1. Мыналар есім сөз болып табылады: 1) ...; ... 5)	кездеседі	кездеседі
5.	1. Есім сөз мыналар: 1) ...; ... 3) ... болып табылады.	---	кездеседі

болғызбаудың жолы – заң нормаларын де қосқан дұрыс, өйткені оның негізгі мақ- қысқа, нақты әрі түсінікті етіп жазу. Олардың саты заң қызметін оңтайландыру болып та- қатарына заң техникасының ережелерін- былады.

№	Заң мәтінінде жиі кездесетін дұрыс нұсқа	Қолданылатын орны
1.	1. Мыналар: 1) ...; 2) есім сөз болып табылады.	тармақшалар кемінде 2 рет санама- ланған жағдайда осы тәсіл қолданы- лады
2.	1. Есім сөз мыналар болып табылады: 1) ...; ... 4)	тармақшалар 3 реттен артық санама- ланған жағдайда осы тәсіл қолданы- лады

ӘДЕБИЕТ

1. Шалабай Бердібай. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис: оқу құралы. – Стер. бас. – Алма- ты: Қазақ университеті, 2020. – 185 б.

2. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы): Әдістемелік құрал / Авт. ұжым басш. мен ред. Р.Қ. Сәрпеков – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2019. – 160 б.

3. Методические рекомендации по юридико-техническому оформлению законопроектов (редакция 2021 года). Утв. И.Н. Дивейкиным, исполняющим обязанности Руководителя Аппарата Государственной Думы Федерального Собрания Российской Федерации. Госу- дарственно-правовое Управление Президента Российской Федерации, Правовое управ- ление Аппарата Государственной Думы Федерального Собрания Российской Федерации. 30.03.2021. – 58 с.

4. Қалмырзина З.Ж., Есімсейтов Б.Р. Заң хаты техникасының кейбір мәселелері. «Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы» журналы. 2017. <https://academy-rep.kz/item.php?id=622> Қаралған күні: 14.09.2023

REFERENCES

1. Shalabaj Berdibaj. Qazirgi qazaq tili. Sintaksis: oqu quraly. – Ster. bas. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 185 b.

2. Normativtik qyqyqtqy aktilderdi resimdeu zhonindegi adistemelik usynymdar (zañ tehnikasy): Adistemelik qural / Avt. uzhyum bassh. men red. R.Q. Sarpekov – Astana: «Qazaqstan Respublikasynuñ Zañnama instituty» MM, 2019. – 160 b.

3. Metodicheskie rekomendacii po juridiko-tehnicheskomu oformleniju zakonproektov (redakcija 2021 goda). Utv. I.N. Divejkinym, ispolnjajushhim objazannosti Rukovoditelja Apparata Gosudarstvennoj Dumy Federal'nogo Sobranija Rossijskoj Federacii. Gosudarstvenno-pravovoe Upravlenie Prezidenta Rossijskoj Federacii, Pravovoe upravlenie Apparata Gosudarstvennoj Dumy Federal'nogo Sobranija Rossijskoj Federacii. 30.03.2021. – 58 s.

4. Qalmyrzina Z.Zh., Esimsejtov B.R. Zañ haty tehnikasynuñ kejbir мәseleleri. «Qyqyq qorǵau organdary akademiasynuñ Zharshysy» zhurnaly. 2017. <https://academy-rep.kz/item.php?id=622> Qaralan kyni: 14.09.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ШЫҒАРАТЫН ҚАУЛЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КҮШІН ЖОЮДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зарина Нұрбекқызы Аманжолова

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бас консультанты;
«М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ-ның докторанты;
Қазақстан Республикасы, Астана қ.; e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Аннотация. COVID-19 коронавирустық инфекциясымен халық жаппай ауруына байланысты енгізілген төтенше жағдай кезінде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігермен шығарылған қаулылардың негізінде Қазақстан территориясында жеке және заңды тұлғалардың бірқатар азаматтық құқықтары шектелді. Мақала аясында бұл шектеуге негіз болған қаулылардың құқықтық табиғаты COVID-19 пандемиясына дейінгі және кейінгі тәжірибені негізге ала отырып зерттелді.

Автормен ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің құзыретінің шегін белгілеу барысында оның төтенше жағдайдың енгізілуіне дейінгі құзыреті анықталды. Нақтырақ айтылса, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиннің енгізілуіне себеп болатын инфекциялық аурулардың тізбесінде коронавирустық инфекциясының болмауы, алайда Бас мемлекеттік санитариялық дәрігермен қабылданған қаулыларының заңдылығы оның құзыретіне сәйкестігі айқындалды.

Сонымен қатар, мақала аясында Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданған қаулылардың құқықтық табиғаты оның қолданыс ұзақтығы мен қабылдану процесіне қарай зерттелді. Осы орайда, заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт ретінде қабылданған қаулылардың жиі күшін жою үрдісіне байланысты оның заң техникасының талаптарына сәйкестігі анықталды.

Зерттеу барысында ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен COVID-19 пандемиясының таралуын тежеуіне байланысты және коронавирустық инфекцияға дейін қабылданған қаулылардың әділет органдарында міндетті мемлекеттік тіркеуден өтуіне қатысты бірізділік мәселесі көтерілді. ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңында көрініс тапқан нормаларға сәйкес міндетті мемлекеттік тіркеуді қажет ететін құқықтық нормативтік актілері тізбесінің арасында ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданатын жеке және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен бостандықтарын шектеуге алып келетін қаулылардың болмауы, санитариялық дәрігердің құқықтық мәртебесін анықтауды қажет етті.

Түйін сөздер. COVID-19 коронавирустық инфекциясы, төтенше жағдай, Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қаулы.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРИНЯТИЯ И ОТМЕНЫ ПОСТАНОВЛЕНИЙ ГЛАВНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО САНИТАРНОГО ВРАЧА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ИЗДАВАЕМЫХ ПРИ ЧРЕЗВЫЧАЙНОМ ПОЛОЖЕНИИ

Аманжолова Зарина Нурбековна

Главный консультант Верховного Суда Республики Казахстан; докторант
АО «Университет КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева»; г.Астана, Республика
Казахстан; e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Аннотация. В период чрезвычайного положения, введенного в связи с массовой заболеваемостью населения коронавирусной инфекцией COVID-19, на основании постановлений, изданных Главным государственным санитарным врачом Республики Казахстан, на территории Казахстана был ограничен ряд гражданских прав физических и юридических лиц. В рамках статьи была исследована правовая природа постановлений, положивших начало

этому ограничению, исходя из опыта до и после пандемии COVID-19.

В ходе установления автором пределов компетенции Главного государственного санитарного врача РК была определена его компетенция до введения чрезвычайного положения. В частности, выявлено отсутствие коронавирусной инфекции в перечне инфекционных заболеваний, при которых вводятся ограничительные мероприятия, в том числе карантин, однако законность постановлений, принятых Главным государственным санитарным врачом, соответствует его компетенции.

Кроме того, в рамках статьи изучена правовая природа постановлений, принятых главным государственным санитарным врачом РК, исходя из продолжительности их действия и процесса принятия. В связи с тенденцией к частой отмене постановлений, принятых в качестве подзаконного нормативного правового акта, установлено его соответствие требованиям юридической техники.

В ходе исследования был поднят вопрос последовательности в отношении обязательной государственной регистрации в органах юстиции постановлений, принятых главным государственным санитарным врачом РК в связи с сдерживанием распространения пандемии COVID-19 и до коронавирусной инфекции. Отсутствие среди перечня правовых нормативных актов, требующих обязательной государственной регистрации в соответствии с Законом РК «О правовых актах» постановлений, принимаемых главным государственным санитарным врачом РК, повлекших ограничение гражданских прав и свобод физических и юридических лиц, потребовало определения правового статуса санитарного врача.

Ключевые слова. Коронавирусная инфекция COVID-19, чрезвычайное положение, Главный государственный санитарный врач, постановление.

SOME PROBLEMS OF ADOPTION AND CANCELLATION OF RESOLUTIONS OF THE CHIEF STATE SANITARY DOCTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSUED IN CASE OF EMERGENCY

Amanzholova Zarina Nurbekovna

Chief Consultant of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan; doctoral student of JSC "M. S. Narikbayev KAZGUU University", Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Abstract. During the state of emergency imposed in connection with the mass morbidity of the population with coronavirus infection COVID-19, on the basis of resolutions issued by the Chief State Sanitary Doctor of the Republic of Kazakhstan, a number of civil rights of individuals and legal entities were restricted on the territory of Kazakhstan. The article investigated the legal nature of the regulations that initiated this restriction, based on the experience before and after the COVID-19 pandemic.

When the author established the limits of competence of the Chief State Sanitary Doctor of the Republic of Kazakhstan, his competence was determined before the introduction of the state of emergency. In particular, the absence of coronavirus infection in the list of infectious diseases for which restrictive measures are introduced, including quarantine, was revealed, but the legality of the decisions adopted by the Chief State Sanitary Doctor corresponds to his competence.

In addition, the article analyzes the legal nature of the resolutions adopted by the Chief State Sanitary Doctor of the Republic of Kazakhstan, based on the duration of their validity and the adoption process. Due to the tendency to frequent cancellation of resolutions adopted as a subordinate regulatory legal act, its compliance with the requirements of legal technology has been established.

In the process of the research, the question of coherency in relation to the mandatory state registration in the judicial authorities of the resolutions adopted by the Chief State Sanitary Doctor of the Republic of Kazakhstan in connection with curbing the spread of the COVID-19 pandemic and before coronavirus infection was raised. The absence among the list of legal regulations requiring mandatory state registration in accordance with the Law of the Republic of Kazakhstan "On Legal Acts" of resolutions adopted by the Chief State Sanitary Doctor of the Republic of Kazakhstan, which entailed the restriction of civil rights and freedoms of individuals and legal entities, required the determination of the legal status of a sanitary doctor.

Key words. Coronavirus infection COVID-19, state of emergency, Chief State Sanitary Doctor, resolution.

Кіріспе

Бүгінгі күнге дейін адамзат тарихында адамдардың жаппай ауруларына байланысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге қатысты қиындықтар туындаған емес. Бүкіл әлемде адамдардың жаппай COVID-19 коронавирустық инфекциясына шалдығуына байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл індетті қоғамдық денсаулық сақтау саласында орын алған төтенше ахуал¹ ретінде жариялаған болатын.

Бұл хабарландырудан кейін әлем мемлекеттері халықтың қалыпты өмір салтын шектеу бойынша шаралар қолдана бастады. Алайда бірқатар мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстан да бар, қолданыстағы төтенше ахуал режимін құқықтық реттеуге бағытталған нормативтік актілері жаппай жұқпалы ауруға байланысты туындаған қоғамдық қатынастарды реттеуге бейімделмегендігі байқалды. ҚР «Төтенше жағдай туралы» және «Азаматтық қорғау туралы» заңдары халықтың жаппай жұқпалы ауруға шалдығуына байланысты төтенше ахуалды құқықтық реттеуге бағытталған нормаларды мүлдем қамтымайды.

Әдістер мен материалдар

Мақала аясында жүргізілген зерттеу жұмысының барысында келесідей бірнеше жалпы ғылыми және арнайы әдістер кеңінен қолданылды: анализ, синтез, жүйелілік, хронологиялық, салыстырмалы-құқықтық және формальды құқықтық әдістер. Зерттеудің материалдары отандық нормативтік құқықтық актілері мен зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне негізделді.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылау

2019 жылдың желтоқсан айында Қытайдың Ухань қаласында алғаш рет анықталған COVID-19 коронавирустық эпидемиясының пандемия деңгейіне жеткенін хабарлаған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осы арқылы мемлекеттерді пандемияның таралуын тежеу үшін тез арада қажетті шараларды жүзеге асыру керектігін ескертті. Бұл орайда, жаппай инфекцияның адам денсаулығы үшін төндіретін қаупі құқықтық тәртіп

үшін қиындық туғызды.

Бұл құқық саласындағы институттарда бұрын-соңды болмаған мәселелерге алып келді. Осылайша, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше ахуал жарияланғанымен әлем мемлекеттері заңнамалық актілеріне сай шұғыл шаралар қолдана бастады. Мемлекеттердің бір бөлігі құқықтық жүйелеріне сай Конституцияға жүгініп жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды бостандықтарын жан-жақты шектеуге негіз болатын «төтенше жағдай» режиміне жүгінсе, келесілері бұл мәселені шешу аясында өзге шараларға жүгінді.

«Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» ҚР Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сәйкес COVID-19 коронавирустық пандемиясына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Республиканың барлық аумағында төтенше жағдай режимі жарияланған еді². Отандық тәжірибе көрсеткендей, төтенше жағдай кезінде және ол енгізілгенге дейін ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданған қаулылардың негізінде Республика аумағында жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтары шектелуге жатты. Алайда, ҚР Конституциясының 39-бабының 1-тармағына сай адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Сондықтан да ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігермен қабылданатын қаулылардың құқықтық табиғатына қызығушылықты туындатады.

ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің құзыреті

ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 37-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қатарында ҚР Бас мемлекеттік санитариялық

¹ «Чрезвычайная ситуация» ұғымының қазақ тіліне аудармасы; ҚР «Төтенше жағдай туралы» Заңына сәйкес «чрезвычайная ситуация» және «чрезвычайное положение» ұғымдары бірдей «төтенше жағдай» деп аударылғандықтан, мақала аясында түсініспеушілік туындамауы үшін бұл ұғымдар бөлек көрсетілді.

² «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» ҚР Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000285> [Дата обращения: 19.01.2023]

дәрігері және оның орынбасарлары бар. Сонымен қатар, Кодекстің 104-бабының 3-тармағына сәйкес ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданатын қаулылардың негізінде шектеу іс-шаралары енгізіледі және күші жойылады, оның ішінде карантинді де айтып өтуге болады³.

Қазақстан Республикасының территориясында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын тежеуге байланысты енгізілген төтенше жағдай режимінің уақыты аясында келесідей үш нормативтік құқықтық акті қолданыста болғанымен, бүгінгі күні бұл актілердің күші жойылып, бекітілген ережелер жаңадан қабылданған бұйрықта көрініс тапты⁴:

1. 2015 жылғы 25 ақпандағы ҚР Ұлттық экономика министрінің «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» №130 бұйрығы (бұдан әрі – Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы №130 бұйрығы)⁵;

2. 2015 жылғы 20 наурыздағы ҚР Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №239 бұйрығы (бұдан әрі – Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы № 239 бұйрығы)⁶;

3. 2020 жылғы 6 мамырдағы ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтаудың кейбір мәселелері туралы» № ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығы (бұдан әрі – Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы № ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығы)⁷.

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы № 239 бұйрығының 6-тармағына

сай жұқпалы аурулардың таралуын тежеуге бағытталған іс-шаралар ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері немесе оның орынбасарының тиісті шешімінен кейін жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы № ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығына сай енгізілген өзгерістерге дейін шектеу шараларын қолдануға негіз болатын жұқпалы аурулардың тізімі келесідей болды: 1) оба; 2) тырысқақ; 3) сары қызба; 4) вирусты геморагиялық қызбалар; 5) ауыр қатты респираторлық синдром (АҚРС); 6) вирустың жаңа кіші түрінен пайда болған адам тұмауы; 7) халықаралық медициналық-санитариялық ережелерінің (2005) № 2 қосымшасына сәйкес халықаралық маңызы бар қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлардың пайда болатын басқа да инфекциялық аурулар⁸.

Сәйкесінше, Денсаулық сақтау министрімен 2020 жылғы 6 мамырда қабылданған № ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығына дейінгі заңнама аясында ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің пандемия кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына әсер еткен қаулыларды қабылдауға қатысты оның құзыретіне байланысты бірқатар сұрақтар туындайды. Осындай қаулылардың бірі ретінде ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20-ПГВр қаулысын⁹ айтуға болады. Аталған қаулының негізінде көпшілік іс-шараларды өткізуге тыйым салынды, оның ішінде мерекелік, концерттік, мәдени, спорттық іс-шаралар және басқалары; жоғары және орта білім беру ұйымдары қашықтықтан оқытуға көшірілді.

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығын-

³ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360#z934> [Дата обращения: 15.01.2023]

⁴ «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-293\2020 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021853> [Дата обращения: 20.01.2023]

⁵ «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы ҚР Ұлттық экономика министрінің № 130 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010527#z1> [Дата обращения: 20.01.2023]

⁶ «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы ҚР Ұлттық экономика министрінің № 239 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010826#z1> [Дата обращения: 20.01.2023]

⁷ «Денсаулық сақтаудың кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы ҚР Денсаулық сақтау министрінің №ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020596#z1> [Дата обращения: 20.01.2023]

⁸ «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы ҚР Ұлттық экономика министрінің № 130 бұйрығы. Мұрағаттық версия // <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1500010527/25.02.2015> [Дата обращения: 22.01.2023]

⁹ «Қазақстан Республикасында пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның әкелінуі мен таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20-ПГВр қаулы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39485622&pos=5;-106#pos=5;-106 [Дата обращения: 23.01.2023]

да бекітілген тізімде және одан бұрын да ешқашан «коронавирустық инфекциясының» болмағаны анық, дегенмен бұйрықтың мұрағаттағы нұсқасында оның орнында «Халықаралық медициналық-санитариялық ережелерінің (2005) № 2 қосымшасына сәйкес халықаралық маңызы бар қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлардың (орыс тілінде «чрезвычайная ситуация») пайда болатын басқа да инфекциялық аурулар» деп көрсетілген.

Өз кезегінде, 2020 жылы 30 қаңтарда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 індетін халықаралық маңызы бар денсаулық сақтау саласындағы төтенше ахуал деп жариялаған болатын¹⁰. Демек, инфекциялық аурулардың ішінде «коронавирустық инфекция» жазылмаса да, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығы бойынша халықаралық деңгейде қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайдың жариялануына итермелеген инфекциялық аурудың Республика территориясында орын алуы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігеріне өз құзыреті шегінде әрекет етуге негіз болды. Сәйкесінше, бұл ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігеріне COVID-19 коронавирустық пандемиясының белең алуын тежеу үшін енгізілген төтенше жағдай кезінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы № ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығының негізінде пайда болу және қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізіміне «Вирустың жаңа кіші типі тудырған коронавирустық инфекциясы» енгізілген еді. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының коронавирустық инфекцияға қатысты қоғамның денсаулығын сақтауға бағытталған салада төтенше ахуалды жариялағаннан кейін 3 айдан астам уақыт өтісімен, Қазақстанда төтенше жағдайдың жариялануынан 52 күн өткеннен кейін ғана өзгерістер орын алды.

ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданатын қаулылар

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 38-бабының 2-тармағына сәйкес Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің 7 сипаттағы қаулыларды шығаруға құқылы, алайда отандық заңнама қаулыдан басқа ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігеріне нормативтік актілер шығаруға рұқсат берілмейді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми сайтында 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 01 ақпанына дейінгі аралықта ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданған 102 қаулы шығады¹¹. ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 104-бабына сәйкес қаулылар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және орындалуы тиіс. Қаулыларды зерттеу барысында олардың құқықтық табиғатын анықтауға байланысты келесідей сұрақтарды бөліп шығаруға болады.

Біріншіден, ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданған қаулылардың өзінің тұрақтылығымен ерекшеленбеуі, яғни жаңа қаулының қабылдануы оған дейін қолданыста болған қаулылардың күшін жоюға алып келіп отырды. Осындай қаулылардың ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы коронавирустық инфекциясының профилактика шаралары туралы» № 16 қаулысының¹² қабылдануының хронологиялық тарихын қарайтын болсақ, осы қаулыдан бастап ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 16 наурыздағы «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» № 25-ПГВр қаулысы¹³ аралығында 45 қаулының күші жойылды. Бұл келесідей көрініске ие:

¹⁰ Заявление по итогам второго совещания Комитета по чрезвычайной ситуации в соответствии с Международными медико-санитарными правилами, в связи со вспышкой заболевания, вызванного новым коронавирусом 2019 г. (nCoV) // [https://www.who.int/ru/news-room/detail/30-01-2020-statement-on-the-second-meeting-of-the-international-health-regulations-\(2005\)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-\(2019-ncov\)](https://www.who.int/ru/news-room/detail/30-01-2020-statement-on-the-second-meeting-of-the-international-health-regulations-(2005)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-(2019-ncov)) [Дата обращения: 23.01.2023]

¹¹ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми сайты // https://www.gov.kz/memleket/entities/kkkbtu/documents/10?created_date=2020-01-01%20-%202023-02-08&lang=kk&type=_55 [Дата обращения: 25.01.2023]

¹² «Қазақстан Республикасындағы коронавирустық инфекциясының профилактика шаралары туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №16 қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33480547#activate_doc=2 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹³ «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 25-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33742464&pos=4;

1. 2020 жылғы 16 наурызындағы № 25-ПГВр қаулысы 06.01.2022-14.03.2020 жыл аралығында қабылданған 10 қаулының күшін жойды.

2. 2020 жылдың 22 наурызындағы №26-ПГВр қаулысы № 25-ПГВр қаулының күшін жойды¹⁴.

3. 2020 жылдың 1 сәуіріндегі № 30-ПГВр қаулысы № 26, 27, 28, 29-ПГВр қаулылардың күшін жойды¹⁵.

4. 2020 жылдың 9 сәуіріндегі № 32-ПГВр қаулысы № 30-ПГВр қаулының күшін жойды¹⁶.

5. 2020 жылдың 1 мамырындағы № 35-ПГВр қаулысы № 32,33,34-ПГВр қаулылардың күшін жойды¹⁷.

6. 2020 жылдың 22 мамырындағы № 37-ПГВр қаулысы № 35-ПГВр қаулының күшін жойды¹⁸.

7. 2020 жылдың 26 маусымындағы № 43-ПГВр қаулысы 22.05.2020-15.06.2020 аралығында қабылданған 5 қаулының күшін жойды¹⁹.

8. 2020 жылдың 23 қазанындағы № 57-ПГВр қаулысы № 43-ПГВр қаулының күшін жойды²⁰.

9. 2020 жылдың 25 желтоқсанындағы № 67-ПГВр қаулысы № 57-ПГВр қаулының

күшін жойды²¹.

10. 2021 жылдың 2 қыркүйегіндегі № 38-ПГВр қаулысы № 67-ПГВр қаулының күшін жойды²².

11. 2022 жылдың 14 наурызындағы № 12-ПГВр қаулысы 27.10.2020-22.01.2022 жыл аралығындағы 17 қаулының күшін жойды²³.

ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен қабылданған қаулылардың бірінің күші жойылып, екіншісін қабылдау процесі, олардың тым жиі ауыстырылып, алдыңғыларының күші қысқа мерзім арасында жойылып отыруы заңшығармашылық техникасының сапасы бойынша және оның талаптарының міндетті қолданылуына байланысты сұрақтар туғызады, өйткені нормативтік құқықтық актілердің сапасы заң техникасының талаптарын ұстануға тікелей байланысты болады. Өйткені, заң техникасы деңгейінің жоғары деңгейде болмауы қабылданған актілердің сапасы мен тиімділігіне теріс әсерін тигізеді [1, 5 б.].

Десе де, заң техникасының талаптарының сақталуы тек нормативтік құқықтық актілердің құрылымына емес, оның мазмұнына да қатысты қолданылуы тиіс, яғни құқықтық актілердің құрылымы логикалық, стилисти-

106#pos=4;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹⁴ «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 22 наурызындағы №26-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37404546&pos=4;-106#pos=4;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹⁵ «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 1 сәуіріндегі №30-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36396371&pos=2577;-46#pos=2577;-46 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹⁶ «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 9 сәуіріндегі №32-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39662644&pos=4;-106#pos=4;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹⁷ «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 1 мамырындағы №35-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39556118&pos=4;-106#pos=4;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹⁸ «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №37 қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36229297&pos=5;-106#pos=5;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

¹⁹ «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымындағы №43-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37566604&pos=6;-44#pos=6;-44 [Дата обращения: 27.01.2023]

²⁰ «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазанындағы №57-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39324428&pos=5;-106#pos=5;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

²¹ «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67-ПГВр қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34095298&pos=4;-106#pos=4;-106 [Дата обращения: 27.01.2023]

